

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП»
ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
жеке қаржылық есептілігі

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

	Беті
2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ	2-3
2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ:	
Пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс туралы жеке есеп	4
Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	5-6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп	7
Меншікті капиталдағы өзгертулер туралы жеке есеп	8
Жеке қаржылық есебіне ескертулер	9-62

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Тәуелсіз аудиторлардың 2-3-беттерде ұсынылған есеп берулерінде мазмұндалған аудиторлар міндеттемелерінің сипаттамаларымен бірге қарастырылуға тиіс төмендегі мәлімдеме тәуелсіз аудиторлар мен басшылықтың «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Қоғам») жеке қаржылық есептілігіне қатысты жауаптылығының аражігін ажырату мақсатында жасалды.

Қоғам басшылығы 2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күйі бойынша Қоғамның қаржылық жағдайының барлық елеулі аспектілерін анық көрсететін жеке қаржылық есептіліктің, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің, ақша қаражаты қозғалысының және меншікті капиталының көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі өзгерістерінің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес дайындалғанына жауап береді.

Жеке қаржылық есептілікті дайындаған кезде басшылық келесі бөлімдерге жауап береді:

- есептік саясат қағидаттарының дұрыс таңдаудалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, оның ішінде есептік саясат туралы деректердің, осындай ақпараттың орындылығын, анықтығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ету нысанында ұсынылуына;
- қайсыбір мәмілелер, сондай-ақ басқа да оқиғалар немесе талаптар Қоғам қызметінің жеке қаржылық жағдайына және жеке қаржылық нәтижелеріне әсер ететін, есептілікті пайдаланушылардың түсінуі үшін ХКЕС талаптарын орындау жеткіліксіз болған жағдайларда, қосымша ақпараттың ашылуына;
- Қоғамның болашақта қызметін жалғастыру қабілетінің бағалануына;

Басшылық сондай-ақ:

- Қоғамның барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің әзірленуіне, енгізілуіне және оған қолдау көрсетілуіне;
- Қоғам мәмілелерінің ашылуына және түсіндірілуіне мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізілуіне, Қоғамның жеке қаржылық жағдайы туралы кез келген күнге арналған жеткілікті дәл ақпараттың ұсынылуына және жеке қаржылық есептіліктің ХКЕС талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілуіне;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес жүргізілуіне;
- Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ақылға қонымды барлық ықтимал шаралардың қолданылуына; және
- қаржылық және басқа да теріс пайдаланушылықтың анықталуына және болдырылмауына жауап береді.

2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші жеке қаржылық есептілікті басшылық 2014 жылдың, 6 наурызында бекітті.

Қоғам басшылығы атынан:

Школьник В.С.
Басқарма Төрағасы

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы



Қалиева З.Г.
Бас бухгалтер

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Біз «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам» деп аталады) 2013 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы жеке қаржылық есепті, сол күні аяқталған жыл үшін пайда мен зиян, жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті жеке есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары және басқа да түсіндірме ескертулерді қамтыған жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Жеке қаржылық есептілік бойынша басшылық жауапкершілігі

«Қазатомөнеркәсіп ұлттық атом компаниясының» басшылығы осы жеке қаржылық есептілікті дайындауға және оның жеке қаржылық есептілікке 2-ескертпеде сипатталған Жеке қаржылық есептілікті жасау қағидаттарына (бұдан әрі – «Есептілік жасау қағидаттары») сәйкес болуына жауапкершілік атқарады және алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықсыз жеке қаржы есептілігін дайындауды қамтамасыз ететін басшылық айқындаған ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Аудиторлар жауапкершілігі

Біздің міндетіміз біз жүргізген аудит негізінде осы жеке қаржылық есептіліктің шынайылығы туралы пікірімізді білдіруден тұрады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың этикалық нормаларды міндетті сақтауын, сондай-ақ жеке қаржылық есептілікте айтарлықтай бұрмалаушылықтың жоқ екендігіне жеткілікті дәрежеде көз жеткізу мақсатында аудитті жоспарлауды және жүргізуді талап етеді.

Аудитке жеке қаржылық есептілікке сандық көрсеткіштер мен ескертпелерге қатысты аудиторлық дәлелдемелер алу үшін қажетті рәсімдерді жүргізу кіреді. Тиісті рәсімдерді таңдап алу қаржы саласындағы асыра пайдаланушылық немесе қателердің салдарынан жеке қаржылық есептіліктің айтарлықтай бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда аудитордың кәсіби пайымдауына негізделеді. Мұндай тәуекелдерді бағалау, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында жеке қаржылық есептілікті осы жағдайларда қолданылатын аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында дайындауға және шынайы ұсынуға ішкі бақылау жүйесін қарау кіреді. Аудитке, сондай-ақ қолданылатын есеп саясатының заңдылығын және басшылық тарапынан жіберілген кемшіліктердің негізділігін бағалау, сондай-ақ, тұтастай алғанда, жеке қаржылық есептілік ұсынууды бағалау кіреді.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер осы жеке қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіздеме болып табылады деп есептейміз.

Пікір

Пікірімізше, коса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік Қоғамның 2013 жылғы 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және сондай-ақ сол күні аяқталған жыл үшін қызметінің оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаты қозғалысын есептілік жасау қағидаттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда әділ және дұрыс көрсетеді.



Deloitte LLP

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік
лицензия нөмірі 0000015, сериясы МФЮ - 2,
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2014 жылғы 6 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы



Дәулет Қуатбеков
Жоба әрнестесі
Білікті аудитор,
№0000523 куәлігі
2002 ж. 15 ақпан
Қазақстан Республикасы

А. Бекенов


Бекенов Нұрлан
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП**


	Ескер- ту	2013 ж. мың теңге	2012 ж. мың теңге
Кірістер	6	166,254,665	198,936,524
Сатудың өзіндік құны	7	(141,988,095)	(180,311,832)
Жалпы пайда		24,266,570	18,624,692
Сату бойынша шығыстар	8	(1,814,156)	(1,315,399)
Әкімшілік шығыстар	9	(11,054,623)	(6,706,469)
Қаржылық кірістер	10	32,026,137	58,113,854
Қаржылық шығыстар	10	(6,330,223)	(5,680,827)
Басқа да кірістер	11	1,194,561	330,225
Басқа да шығыстар	12	(33,763,661)	(545,074)
Салық салынғанға дейінгі табыс		4,524,605	62,821,002
Пайда салығы бойынша шығыс	14	(1,661,579)	(3,459,558)
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАБЫС		2,863,026	59,361,444
Пайдаға салынған салықты шегергендегі басқа да жиынтық табыс:			
Басқа да жиынтық табыс		-	-
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		2,863,026	59,361,444

Осы жеке қаржылық есептілікті бөлімнің 2014 жылдың 6 наурызында бекітті және оған басшылық атынан мыналар қол қойды:


Школьник В.С.
Басқарма Төрағасы

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы




Қалиева З.Г.
Бас бухгалтер

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

9-62 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП**

	Ескер- ту	2013 ж. 31 желт. мың теңге	2012 ж. 31 желт. мың теңге
АКТИВТЕР			
<i>Ұзақ мерзімді активтер</i>			
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар	15	4,286,174	1,104,493
Материалдық емес активтер	16	616,136	387,356
Өндіруге дайындық жөніндегі шығындар	17	28,046,591	4,127,681
Барлау және бағалау активтері	18	4,600,649	-
Жер қойнауын пайдалану құқығы	19	1,698,890	574,144
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	20	87,385,719	80,633,565
Бірлесіп бақылайтын кәсіпорындарға инвестициялар	21	17,078,135	2,676,451
Қауымдасқан кәсіпорынға инвестициялар	22	13,662,067	6,230,994
Басқа да инвестициялар	23	67,039,366	67,039,366
Кейінге қалдырылған салық активтері	24	1,500,574	722,884
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	26	6,950,561	7,443,922
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	27	2,062,399	2,431,836
Өтелетін ҚҚС	28	-	2,858,338
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	30	24,999,827	25,856,796
Пайдалануы шектеулі акша қаражаттары	32	2,084,124	1,948,103
		262,011,212	204,035,929
Барлық ұзақ мерзімді активтер			
<i>Қысқа мерзімді активтер</i>			
Қорлар	25	30,451,528	24,177,964
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	30	6,926,558	1,112,247
Саудалық және басқа да дебиторлық берешек	26	20,403,860	63,982,963
Ұзақ мерзімді активтер немесе сатуға арналған шығыс топтары		57,842	667,843
Басқа активтер	27	3,135,349	13,732,157
Түпкі бақылаушы тарапқа бөлуге арналған активтер	29	-	22,800,818
Өтелетін ҚҚС	28	24,077,563	19,892,963
Пайда салығы бойынша аванс		-	769,369
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	31	4,380,688	22,126,643
		89,433,388	169,262,967
Барлық қысқа мерзімді активтер			
Барлық активтер			
		351,444,600	373,298,896

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

	Ескерту	2013 ж. 31 желт. мың тенге	2012 ж. 31 желт. мың тенге
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕ			
<i>Капитал және резервтер</i>			
Акциянерлік капитал	33	36,692,362	36,692,362
Басқа валюталардан қайта есептеген кездегі бағамдық айырмашылық резерві		(1,599,313)	(1,599,313)
Бөлінбеген пайда		173,613,866	178,388,082
Барлық капитал		208,706,915	213,481,131
<i>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</i>			
Кредиторлық берешек	36	264,755	259,808
Кредиттер мен қарыздар	35	77,290,284	76,718,530
Басқа міндеттемелер	37	1,688,664	1,679,295
Төлемдері белгіленген жоспар бойынша міндеттемелер		148,298	-
Резервтер	39	11,205,107	558,970
Басқа да қаржылық міндеттемелер	40	2,210,041	376,588
Барлық ұзақ мерзімді міндеттеме		92,807,149	79,593,191
<i>Қысқа мерзімді міндеттемелер</i>			
Кредиттер мен қарыздар	35	1,695,975	1,664,768
Кредиторлық берешек	36	43,504,029	41,803,598
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	37	194,944	11,858,935
Есептелген міндеттемелер	38	1,173,097	1,167,161
Салық міндеттемелері	34	2,133,507	842,995
Табыс салығы бойынша міндеттеме		718,331	-
Резервтер	39	-	22,800,818
Қызметкерлерге сыйақы		84,933	-
Басқа да қаржылық міндеттемелер	40	425,720	86,299
Барлық қысқа мерзімді міндеттеме		49,930,536	80,224,574
Барлық міндеттеме		142,737,685	159,817,765
Барлық капитал және міндеттеме		351,444,600	373,298,896

Осы жеке қаржылық есептілікті басшылық 2014 жылдың наурызында бекітті және оған басшылық атынан мыналар қол қойды:

Школьник В.С.
Басқарма Төрағасы

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Қалиева З.Г.
Бас бухгалтер

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы


9-62 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ


**2013 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП**

	2013 ж. мың теңге	2012 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Сатып алушылардан түскен ақша қаражаты түсімдері	224,031,991	190,334,584
Алынған проценттер	1,560,258	884,674
Өнім берушілер мен қызметкерлерге төлемдер	(185,768,104)	(211,029,983)
Операциядан алынған ақша қаражаты	39,824,145	(19,810,725)
Пайдаға төленген салық	(4,197,110)	(2,551,431)
Төленген проценттер	(4,816,045)	(4,744,402)
Операциялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) ақша қаражаты ағындары	30,810,990	(27,106,558)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың кетуінен алынған түсім	7,049	103,894
Алынған дивидендтер	39,179,053	47,347,067
Еншілес кәсіпорындарды сатып алу	-	(70,882)
Банктік салымдарды өтеуден алынған түсім	-	21,140,573
Еншілес кәсіпорындардың кредиттерін жабу	1,800,000	3,075,000
Ақша қаражатын депозитке орналастыру	(125,281)	(119,078)
Қауымдасқан және еншілес кәсіпорындардың жарғылық капиталына жарна	(18,985,969)	(9,450,750)
Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды сатып алу	(664,598)	(1,051,728)
Бағалау, барлау активтерін сатып алу	(12,125,285)	(1,649,060)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(210,669)	(113,466)
Басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сату	1,536	-
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталдарына жарна	(11,973,830)	-
Байланысты тараптарға кредит беру	(5,351,606)	(15,654,177)
Басқалары	(10,740)	(8,496)
Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) ақша қаражаты ағындары	(8,460,340)	43,548,897
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Түпкілікті бақылаушы тарапқа бөлуге арналған активтерді сатып алу	-	(4,004,552)
Қаржылық міндеттемені жабу (42-ескерту)	(19,972,920)	-
Қарызды жабу	(1,143,919)	(1,119,562)
Төленген дивидендтер	(19,387,906)	(11,750,664)
Қаржы қызметінде пайдаланылған ақша қаражаты ағындары	(40,504,745)	(16,874,778)
Ақша қаражатының және олардың эквиваленттерінің таза кемуі	(18,154,095)	(432,439)
Ақша қаражаты және олардың жыл басындағы эквиваленттері (31-ескерту)	22,126,643	22,216,237
Валюта бағамы өзгеруінің ақша қаражатына әсері және олардың эквиваленттері	408,140	342,845
Ақша қаражаты және олардың жыл аяғындағы эквиваленттері (31-ескерту)	4,380,688	22,126,643

Осы жеке қаржылық есептілікті басшылық 2014 жылдың 6 наурызында бекітті және оған басшылық атынан мыналар қол қойды:


Школьник В.С.
Басқарма Төрағасы




Калиева З.Г.
Бас бухгалтер

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
9-62 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды. Тәуелсіз аудиторлар есебі
2-3 беттерде келтірілген.

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНЫДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕБІ**


мың теңге	Акционерлік капитал	Басқа валюталардан қайта есептеген кездегі бағамдық айырмашылық резерві	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
2012 жылдың 1 қаңтарына	36,692,362	(1,599,313)	142,598,873	177,691,922
Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс	-	-	59,361,444	59,361,444
Жарияланған дивидендтер	-	-	(23,501,328)	(23,501,328)
Басқа да бөлулер	-	-	(70,907)	(70,907)
2012 жылдың 31 желтоқсанына	36,692,362	(1,599,313)	178,388,082	213,481,131
Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс	-	-	2,863,026	2,863,026
Жарияланған дивидендтер (33-ескерту)	-	-	(7,637,242)	(7,637,242)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	36,692,362	(1,599,313)	173,613,866	208,706,915

Осы жеке қаржылық есептілікті басшылық 2014 жылдың 6 наурызында бекітті және оған басшылық атынан мыналар қол қойды:


Школьник В.С.
Басқарма Төрағасы

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы




Калиева З.Г.
Бас бухгалтер

2014 жылғы 6 наурыз
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

9-62 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген..

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

(а) Ұйымдық құрылым және қызмет

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің айқындамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы туралы» 1997 жылдың 14 шілдесіндегі № 3593 Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылдың 22 шілдесіндегі №1148 қаулысымен құрылған болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылдың 13 қазанындағы № 669 Жарлығына сәйкес «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ 2009 жылдың 19 қаңтарында Қоғамның жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

Қоғам Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев көшесі, 10 мекенжайы бойынша тіркелген.

Уран өндіру, уран өнімін қайта өңдеу және сату Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып табылады.

Қоғам өнімі Қазақстан Республикасында өткізіледі және шет елдерге экспортталады.

2013 жылдың 18 маусымында «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 620 қаулысы, 2013 жылдың 22 шілдесінде «Қоғамның өз еншілес ұйымы «Тау-кен компаниясы» ЖШС-ні сіңіру жолымен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ды қайта ұйымдастыру тәртібін айқындау туралы» «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның шешімі қабылданды (бұдан әрі – Серіктестік).

2013 жылдың қараша айында жер қойнауын пайдалану туралы келісімшартқа толықтырулар жасалып, онда жер қойнауын пайдалану құқығы Серіктестіктен Қоғамға ауысты. Қоғам осы кен орындары бойынша келісімшарттық қызметке қатысы бар барлық активтерді, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығын, өндіріске дайындау шығындарын, барлау және бағалау активтерін иеленді (17,18 және 19-ескерту).

(б) Операциялық орта

Дамушы елдердің нарығы, Қазақстан Республикасын қоса алғанда, неғұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге тартылуымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгереді, оларды өз бетінше түсіндіру ықтималдығы бар. Қазақстан Республикасы дамуының болашақтағы бағыты көп жағдайда мемлекеттің салық және кредит-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елде саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты.

Жеке қаржылық есептілік Қоғамның қызметі мен қаржылық жағдайына Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси талаптардың әсерін Қоғам басшылығының бағалауын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің болашақтағы талаптарының іс жүзіндегі әсері басшылықтың бағалауларынан ерекшеленуі мүмкін.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

(а) ХҚЕС-ке сәйкестік туралы мәлімдеме

Аталған жеке қаржылық есептілік Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – «ХҚЕС») талаптарына сәйкес дайындалды. ХҚЕС 27 жеке қаржылық есептілікті дайындауға рұқсат береді.

Қоғам шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындайды, ол еншілес кәсіпорынды (бұдан әрі – «Топ») қамтиды. Қоғам шоғырландырылған қаржылық есептілікті www.kazatomprom.kz веб-сайтында жариялайды. Осы жеке қаржылық есептілік Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

(б) Үздіксіз қызмет қағидаты

Аталған жеке қаржылық есептілік Қоғам қызметінің үздіксіздігі қағидатын ұстанатындығына орайластыра дайындалды. Бұл оның келешектегі кәдімгі операциялық қызметі барысында активтерді өткізуін және міндеттемелерді өтеуін болжайды.

(в) Құнды бағалауға арналған база

Жеке қаржылық есептілік әділетті құн ескерілуге тиіс қаржылық құралды қоспағанда, тарихи құн негізінде дайындалды.

(г) Ұсынылатын және функционалдық валюта

Қазақстандық теңге («теңге») Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылады.

Теңге Қазақстаннан тыс жерлерде айырбасталмайтын валюта болып табылады. Шетелдік валютамен операциялар операция күніне арналған бағам бойынша есептеледі, бағам Қазақстанның қор биржасында («KASE») белгіленген, KASE-де баға белгіленбеген шетел валютасының валюталық мөлшерлемесін «REUTERS»-тен алынған баға белгілеуге сәйкес АҚШ долларына («АҚШ доллары») қатысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есептейді.

Ұсынылып отырған жеке қаржылық есептілік теңгемен беріліп отыр және барлық сандық көрсеткіштер таяу мыңға дейін дөңгелектелген.

Қоғамның жұмыс істейтін валютасы теңге.

(д) Елеулі бухгалтерлік бағалаулар және бағалаулардағы айқынсыздықтың өзекті көздері

3-ескертуде сипатталған Қоғамның есептік саясатын қолданған кезде Басшылық активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге қатысты пайымдаулар, бағалаулар және рұқсаттар жасауға тиіс, ол туралы ақпарат басқа көздерде болмайды. Бағалаулар және солармен байланысты рұқсаттар өзекті деп есептелетін тарихи тәжірибеге және басқа да факторларға негізделеді. Іс жүзіндегі нәтижелердің бұл бағалаулардан айырмашылығы болуы мүмкін.

Бағалаулар мен соларды негізге алған рұқсаттары жүйелі түрде қайта қаралады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер, егер ол өзгеріс осы кезеңге ғана әсер етсе, немесе өзгеріс ағымдағы, сондай-ақ болашақ кезеңдерге де әсер ететін болса, бағалау қайта қаралатын есепті кезең мойындалады.

Төменде осындай бағалаулар немесе рұқсаттар әсер ететін есептік саясаттың сипаты келтіріліп отыр, олар есептілікте көрініс тапқан пайда мен шығынға және Қоғамның қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін.

(i) Пайдаға салынатын салық

Қазақстан Республикасында Қоғамның пайдасына салық салынады. Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде алғанда жаңа болғандықтан, көбіне нақты баяндалмаған және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулердің және сот шешімдерінің жиі өзгерулерімен сипатталады, бұл әртүрлі салық органдарының оларды дұрыс түсіндірмеуіне жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулермен және тергеумен ірі айыппұл салуға және өсім есептеуге құқығы бар реттеуші органдар шұғылданады. Бұл жағдай Қазақстанда басқа елдерге қарағанда айтарлықтай салық тәуекелін туындатуы мүмкін. Қоғам қолданыстағы салық заңнамасынан туындайтын күтілетін қосымша салық бойынша міндеттемені және салық органдарының тексеруі нәтижесінде төленуі ықтимал сомаларды өз түсінігі негізінде мойындайды.

Қоғам басшылығы, қолданылып жүрген салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өздігінше түсіне отырып, салық міндеттемесі толық көлемде көрсетілген деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар осы ережелерді өзгеше түсіндіруі мүмкін және олар өз ұстанымдарының дұрыстығын дәлелдей алса, ол осы жеке қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін. Егер аталған мәселелерде түпкілікті салық нәтижелерінің Қоғам есептеген бастапқы сомадан айырмашылығы болса, ол айырмашылық олар анықталған кезеңдегі табыс салығы бойынша резервке әсерін тигізеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есеп беру кезеңінің аяғында тексеріледі және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі салық салынатын пайданың болу ықтималдығы аз мөлшерге кемітіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерін болашақта пайдалану ықтималдығын бағалаған кезде әртүрлі факторлар: өткен операциялық нәтижелер; операциялық жоспарлар; салық шығындарын ауыстыру мерзімдерінің өтіп кетуі және салықты жоспарлау стратегиясы қарастырылады.

(ii) Уран қоры

Уран қоры Қоғамның ақша қаражатының болжамды қозғалысын бағалаудың негізгі компоненті болып табылады, ол активтердің өтелу құнын бағалау үшін және тозу мен амортизация бойынша аударымдарды айқындау үшін пайдаланылады. Уран қорының сомасын бағалау кезінде Қоғам геолог-мамандардың есептеулерін алады, олар қорды бағалауды геологиялық және барлау деректерін түсіндіру және барланған (дәлелденген) қорлар мен бағаланған (ықтимал) қорларды айқындау үшін Қазақстан Республикасының минералдық қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы белгілейтін есептеулер әдістемесі негізінде жүргізеді. Қорларды бағалау сараптамалық бағалаулар мен тәжірибеге негізделген. Қорларды бағалау кейбір айқындалмаған жағдайларды қамтиды. Айқындалмағандық негізінен геологиялық және техникалық дұрыс ақпарат бермеуге байланысты туындайды. Бұдан бөлек, қорлардың болуы, барлық қорлар экономикалық тұрғыдан тиімді негізде алынады дегенді білдірмейді. Қорларды бағалау оларды жыл сайын талдауға және түзетуге негізделеді. Қорлардың барлау жүргізу нәтижесінде және уран өндіру кезінде жер қойнауындағы қорларды өтеу нәтижесінде нақтылануы мүмкін. Өндіру жоспарланған уран саны өндіруді ұлғайту жөніндегі жобаны жүзеге асыру, өндірістік қуаттарды өзгерту немесе әзірлеу стратегиясын өзгерту нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін.

(iii) Дайындау және өндіру жөніндегі шығындардың ескіруі

Дайындау және өндіру жөніндегі шығындардың ескіруі уран қорлары негізінде, өндірістік әдіс бойынша, тиісті кен орнын пайдалану мерзімі ішінде есептеледі. Уран қорларының кез келген өзгеруі ескіру мөлшерлемесінде және активтердің баланстық құнында тікелей көрініс табады. Ескіру мөлшерлемесінің кез келген өзгеруі перспективалық негізде қолданылады, ал бұл болашақ кезеңде неғұрлым жоғары ескіруге әкеп соғуы мүмкін.

(iv) Активтердің құнсыздануы

Әрбір есеп беру кезеңінің соңында Қоғам құнсыздану ықтималдығының белгілерін анықтауға арналған пайдалану мерзімін айқындай отырып, жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды және материалдық емес активтерді бағалауды жүргізеді. Осындай белгілер болған жағдайда активтердің орнын толтыру құны есептеледі және олар баланстық құнмен салыстырылады. Баланстық құнның орнын толтыру құнынан асып кетуі құнсыздану ретінде танылады.

Активтердің орнын толтыру құны (немесе ақша қаражаты ағымын ынталандыратын бірлік), мынадай екі шамадан: осы активті (осы бірлікті) пайдаланудың бағалылығынан және сатуға арналған шығынды шегергеннен кейінгі әділетті құннан жоғарыны білдіреді. Пайдалану құндылығын есептеу Қоғамнан Қоғам ақшасының болашақ қозғалысын бағалауды талап етеді. Ақшаның болашақ қозғалысын бағалау тауар бағасына, сату деңгейіне, пайдаға, уран бағасына және дисконттық мөлшерлемеге қатысты едәуір бағалаулар мен рұқсаттарды қамтиды. Осы бағалаулардың субъективтік сипатына байланысты олардың қызметінің және ақша қозғалысының іс жүзіндегі нәтижелерінен айырмашылығы болуы мүмкін; кез келген мұндай айырмашылықтар алдағы кезеңде құнсыздануға алып келуі және тиісті активтің баланстық құнын азайтуы мүмкін.

(v) Қоршаған ортаны қорғау және кен орындарын қалпына келтіру

Қоғам бірқатар заңдарды және ережелерді сақтауға тиіс. Қоғам кен орындарын қалпына келтіру жөніндегі болашақ шығындарды басшылықтың ағымдағы заңнаманы, келісімдік және сындарлы талаптарды түсінуі негізінде бағалайды. Кен орындарын қалпына келтіру жөніндегі резерв басшылықтың қалпына келтірудің жалпы құнын бағалауға негізделген, ол оның ағымдағы таза құнына дисконтталған және кейіннен кен орындарын пайдаланудың бағалау мерзімі ішінде шығыстарға есептен шығарылады. Жалпы шығынды бағалау басшылықтан, дисконттық мөлшерлеменің шамасы туралы рұқсатты қоса алғанда, бірқатар рұқсаттарды пайдалануды талап етеді. Аталған рұқсаттардағы өзгерістер немесе қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардағы өзгерістер алдағы кезеңде резервтерде өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін. Кез келген өзгеріс қайта қарау кезінде ескерілетін болады.

(vi) «Семізбай-У» ЖШС сатылған күні

42-ескертуде «Семізбай-У» ЖШС 49% үлесін сату жағдайы сипатталады. Реттеуші органдардан рұқсат алумен және 2008 жылдың 31 желтоқсанына дейін Сино – Каз Компаниясын «Семізбай-У» ЖШС заңды қатысушысы ретінде тіркеумен байланысты. Басшылық сату шынымен аяқталды және, тиісінше, 2008 жылы танылды деген тұжырымға келді. Үлесті сату туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің түпкілікті қаулысы 2013 жылдың 30 мамырында шықты.

Сатуды 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде сатылды деп тану едәуір пайымдаудың нәтижесі болды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

3.1. Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар

(a) Тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар сатып алу құны бойынша немесе бастапқы шартты құнымен бағаланады. Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың 2005 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша, яғни ХҚЕС-ке көшетін күнгі нақты құны олардың сол күнгі әділетті құны негізінде анықталды.

Сонан соң жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы, таусылуы және құнсыздануы жиналған залалын алғандағы бастапқы құнымен есептеледі. Шаруашылық әдіспен құрылған активтердің құнына материалдардың, тікелей еңбек шығындарының құны және өндірістік үстеме шығыстарының тиісті үлесі кіреді.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар кең ауқымдағы техникалық бақылау мәніне айналған кезде, шығындар, ХБЕС (IAS) 16 белгіленген тану өлшемдерін сақтаған кезде, жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар баланстық құнының орнын толтыру болып танылады.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар объектісін тану ол кеткеннен кейін немесе оны пайдаланудан немесе оның кетуінен болашақта экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активті тану тоқтатылғаннан кейін туындаған кез келген кіріс немесе шығыс (кетуден және активтің қалдық құнынан түскен таза түсімдердің арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есептік мерзім ішіндегі пайдаға немесе залалға қосылады.

Бастапқы құн, импортқа салынатын баж алымы мен сатып алу бойынша өтелмейтін салықтарды, сауда жеңілдіктері мен қайтарымдарын шегере отырып, активті нысаналы жеріне жеткізумен және оны жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты кез келген шығынды қоса алғанда, сатып алу құнынан тұрады. Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарға шаруашылық әдіспен дайындалған немесе тұрғызылған объектілердің бастапқы құнына жұмсалған материалдардың, орындалған өндірістік жұмыстардың құны және өндірістік үстеме шығыстардың бір бөлігі кіреді.

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

(ә) Кейінгі шығындар

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына кіреді немесе осы активтің пайдалануынан Қоғам экономикалық табыс алу мүмкіндігі болған және оның құны сенімді бағаланған жағдайда ғана жеке актив ретінде көрініс табады. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны баланстың есебінен шығарылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық басқа шығындар пайда болған жағдайға қарай есеп беру кезеңіндегі табыстар мен шығындарға жатқызылады.

(б) Тау-кен рудасы активтерінен басқа жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы

Тау-кен рудасы активтерінен басқа үйлер мен жабдықтар негізінен пайдалы қызмет мерзімдерінің келесі жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың класстарына кіреді

Ғимараттар мен құрылыстар	10-45 жыл
Көліктер мен жабдықтар	3-5 жыл
Көлік құралдары	3-10 жыл
Басқалары	3-20 жыл

Қалдықдық құны, пайдалы қызметі және өтемпұл әдістері әр қаржылық жылы қайта қарастырылады және түзетіледі.

Жер үшін тозу есептелмейді.

3.2. Өндіріске дайындау шығындары

(а) Жер қойнауын пайдалану үшін алу құқығының шығындары (материалдық емес активтер)

Жер қойнауын пайдалану үшін алу құқығының шығындары (барлау және өндіру) жазылған бонустар мен тарихи шығындарда, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға міндетті шығындар материалдық емес активтер ретінде капиталға айналады, барлау және бағалау барысындағы кен орынды жер қойнауын пайдалану үшін алу құқығын. Дәл осындай шығындар жер қойнауын пайдалану үшін алынған құқыққа дейінгі Қоғамның тиісті құқықты иемденгеннен кейін шығындар да негізделген сенімділіктің арқасында болуында ғана барлау және бағалау барысындағы кен орынды жер қойнауын пайдалану үшін алу құқығын капиталға айналу тиіс. Құқықты иемдену бойынша контрактілер негізінде жүреді. Әрбір құқық объектісі жыл сайын құнсыздану негізіне сараланады. Егерде объект бойынша келер жылы жұмыстар қарастырылмаса, онда жер қойнауын пайдалану үшін сальдо шығыстан шығарылады. Экономикалық негізделген шығаруға жатқызылған қорлар («дәлелденген босалқы қорлар» немесе «коммерциялық босалқы қорлар»), кен орынды барлау және бағалау құқықтары - кен орынды барлау және бағалау құқықтары төменгі класс тармағына жатқызылатын болады.

(ә) Барлау және бағалау бойынша шығындар (жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар)

Барлау және бағалау бойынша шығындарға геологиялық барлау және геофизикалық шығындары; барлау ұңғымасына тікелей байланысты шығындары; тау жұмыстарына дайындық, учаскені қалпына келтіру жұмыстары, ион алмасу қарамайы, аршу жұмыстары; белгілі бір кен орынға жатқызуға болатын әкішілік және т.б. бағалау шығындары кіреді. Мұндай шығындар өзіне сый ақыны, жанар-май және материалдар, мұнара бұрғы білдегі және мердігерлерге төлемақы беру кіреді. Барлау және бағалау бойынша шығындар жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құрамында тау кен орны активтері төменгі класс тармағы ретінде капиталға айналады. Оның есебі контрактілер негізінде жүріп, өтемпұл есептелмейді. Капиталға айналған барлық шығындар кем дегенде жылына 1 рет техникалық, коммерциялық және басқарушылыққа тексерілуі тиіс. Бұл коммерциялық талдауды растайтын немесе басқа да әдіспен табылғаннан кен орыннан өндіру болып табылады. Олай болмайтын болса, шығындар шығысқа жатқызылатын болады. Минералды ресурстар қоры расталған жағдайда және оның әрі қарай зерттелуін жалғастыруына шешім қабылданғанда, онда шығындар тиісінше зерттеу жұмыстарына арналған төменгі классқа аударылады (тау кен рудасы активтері құрамында). Барлау және бағалау капиталға айналған шығындардың зерттеу жұмыстарына арналған төменгі классқа ауысқан жағдайда, мұндай активтер құнсыздану мүмкіндігіне сынақталады.

Жылдық жұмыс бағдарламасында бекітілген әлеуметтік бағдарламалар мен оқу активтер құрамында барлау және бағалаудың нақты шығыстары сомалары бойынша капиталға айналу тиіс.

(б) Зерттеуге арналған шығындар (жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар)

Зерттеуге арналған шығындар бұдан бұрын капиталға айналған және ресыныпталған барлау және бағалау бойынша қалдықтық құнды қамтиды; пайдаланатын ұңғымаларды бұрғылаудың шығындары олардың нәтижесіз бұрғыланғаны да кіреді; полигондарды салудағы шығындар; кен орындардағы минералды ресурстарды жинау және дайындау үшін қажетті жердегі технологиялық құрылыстар; кен орындарда өндіру жұмыстарын ұйымдастыру кезіндегі басқа да шығындар; ұңғымалар құрылысын тоқтатып қоюдағы және учаскелерді қайта қалпына келтірудегі мен ион алмастыру қарамайы және т.б. шығыстарды көздейтін капиталдандырылған дисконтталған шығындар. Өңдеуге жұмсалатын шығындар негізгі қаржының құрамында (кен орын рудалары активтері) капиталдандырылады да, олардың есебі контрактілермен жүреді.

Қоғам өз есеп беруінде жер қойнауын пайдалану үшін алу құқығын капиталдандырылған шығындарды, барлау мен бағалау және зерттеуге арналған шығындарды есептеп, жеке баптармен теңгерімде көрсетеді.

(в) Тау-кен рудалы активтердің тозуы (жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар және материалдық емес активтер құрамында)

Тау кен активтері өндірістік әдістің есептелген тозуы қолданудың арқасында амортизацияланады, кен орындардағы бастапқы өндірудің нақты өндіруімен есептегенде. Жер қойнауын пайдалану үшін құқықты алу шығындары, оның ішінде кен орындарды пайдаланудан шығару кезіндегі шығынды дисконттау кен орындардағы бастапқы өндірудің дәлелденген босалқы қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады; барлау және зерттеу кезінде өндіру басталмас бұрын амортизация есептелінбейді. Ал басқа кен орындар үшін қалған шығындар дәлелденген босалқы қорлары негізінен амортизацияланады.

3.3. Материалдық емес активтер

(а) Жалпы ережелер мен бастапқы мойындау

Жеке сатып алынған материалдық емес активтерді бастапқы мойындау кезде сатып алынған бағамен есептелінеді. Бизнесерді біріктіру негізінде жүргізілген операциялардың есебінен материалдық емес активтер сатып алынған мерзімге әділетті құн екенін көрсетеді. Бастапқы мойындаудан кейін материалдық емес активтер сатып алынған құннан амортизация мен құнсызданудан түскен шығындарды шегергендегі құнмен есептеледі. Өз күшімен жасалған, бірақ зерттеуге арналған капиталдандырылған шығындарды ескермегенде, материалдық емес активтер капиталдандырылмайды да, тиісті шығыстар түскен пайдалар мен шығындар кезең ретінде шығыстар пайда болған кезде ғана расталады. Материалдық емес активтердің қолдану мерзімі шектеулі болуы мүмкін немесе шектеусіз де болуы мүмкін. Қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер қызмет мерзімі ішінде ғана амортизацияланады және материалдық емес активтің құнсыздану көрсеткіші бар кезде ғана оның құнсыздану бағалауы жүргізіледі. Материалдық емес активтердің шектеулі мерзімде пайдалы қызмет ету амортизациясының мерзімі мен әдісі кем дегенде әр жылдың есеп беруінде қайта қарастырылады. Пайдалы қызметтің болжалды мерзімінің өзгеруі немесе материалдық емес активтер есебінен болашақтағы экономикалық пайда табу болжалды көлемі амортизацияның мерзімі мен әдісінің өзгеруі есебінен, мән-жайынан және олар бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде қарастырылады. Материалдық емес активтердің шектеулі мерзімді қызметінің амортизациясының шығысы материалдық емес активтердің кірісі мен шығыны ретінде мойындалады. Шектеусіз мерзімді қызметі материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ құнсыздануын білу үшін жыл сайын немесе құнсыздануы әбден мүмкін жағдайында ғана және өтемақы бағасымен шығысқа шығарылады.

(ә) Кейінгі шығындар

Кейінгі шығындар материалдық емес активтерді сатып алғаннан кейін немесе оның ақталу кезеңі келгеннен кейін шығыс ретінде мойындалуы мынадай жағдайлар болмаған кезде ғана жүреді:

- 1) Бастапқы белгіленген шамалардан тыс бұл шығындар активтерге келешек экономикалық пайданы әкелу мүмкіндігін береді; және
- 2) Бұл шығындар сенімді бағаланып және активке жатқызылатын болады.

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(б) Материалдық емес активтерді амортизациялау

Қысқа мерзімді қызмет ететін материалдық емес активтердің амортизациялық бағасы пайдалы қызметтің ең жақсы бағалану мерзімі кезінде жүйелі түрде шығысқа шығарылады. Активтің амортизациялық бағасы бастапқы бағамен және болжалды тарату құны арасында айқындалады.

Қоғам қаржы есеп беруін жасау үшін материалдық емес активтердің негізгі категорияларына мынадай пайдалы қызмет ету мерзімін пайдаланады:

Жер қойнауын пайдалануға берілетін құқықтан басқа лицензиялар	3-20 жыл
Бағдарламалық қамтамасыз ету	1-14 жыл
Басқалары	2-15 жыл

Жер қойнауын пайдалануға беретін құқық, оның ішінде кен орынды пайдаланудан шығару бойынша шығынды дисконттау өндірістік әдіспен коммерциялық өндіруден бастап кен орынның дәлелденген қоры бойынша жалпы сомасынан бастап нақты өндірумен қатар.

3.4. Қаржылық активтер мен міндеттемелер

Қоғам құрал бойынша келісімшарттық ереженің тарабы болған жағдайда, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер Қоғамның балансында деп танылады.

Қаржы активтерін барлық әдеттегі сатып алу немесе сату мәміле жасалған күн негізінде танылады және есептен шығарылады. Әдеттегі сатып алу немесе сату – бұл заңнамада белгіленген немесе нарықта қабылданған мерзімдерде активтерді жеткізу талап етілетін қаржы активтерін сатып алу немесе сату.

(а) Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері

Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері кассадағы, банк есепшоттарындағы және депозиттердегі талап етілгенге дейінгі өтеудің үш айдан аспайтын бастапқы өтеу мерзімдерімен бірге қамтылады. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері өзіндік құны бойынша көрсетіледі, ол өздерінің қысқа мерзімді сипатына байланысты шамамен алғанда әділетті құнға тең.

(ә) Қаржылық активтер

Қаржылық активтер мәміле жасалған кезде есепке алынған деп танылады және егер тиісті нарықта қабылданған мерзім ішінде активті жеткізу талап етілген жағдайда, есептен шығарылады. Бастапқы қаржылық активтер мәмілені ресімдеу жөніндегі шығын ескеріле отырып, әділетті құн бойынша бағаланады. Бұған пайда немесе шығын арқылы әділетті құн бойынша бағаланатын («ПШАӨҚБ») санатқа жататын қаржылық активтер кірмейді, олар бастапқыда әділетті құн бойынша бағаланады. Қаржылық активтер мынадай санаттар бойынша жіктеледі: ПШАӨҚБ-ның қаржылық активтері; өтемге дейін ұсталатын инвестициялар; сатуға арналған қолда бар активтер («САҚА»); сондай-ақ қарыздар мен дебиторлық берешек. Қаржылық активтерді қайсы бір санатқа жатқызу олардың ерекшеліктері мен сатып алу мақсаттарына байланысты және бұл оларды есепке алу сәтінен бастап жүзеге асады.

(б) Тиімді пайыздық мөлшерлемелер әдісі

Тиімді пайыздық мөлшерлемелер әдісі борыштық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және пайыздық кірістерді тиісті кезеңге бөлу үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл күтілетін болашақ ақша түсімдерін (пайыздың тиімді мөлшерлемесінің, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындардың және басқа да сыйлықтардың немесе дисконттардың ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған және жасалған төлемдерді қоса алғанда) борыштық құралды өтегенге дейінгі немесе (егер қабылданса) борыштық құралды есепке алған кездегі баланстық құнға дейінгі күтілетін мерзімге дисконттау мөлшерлемесі.

Борыштық құралдар бойынша кірістер ПШАӨҚБ санатындағы қаржылық активтерді қоспағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша көрініс береді.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(в) ПШАӘҚБ санатындағы қаржылық активтер

Егер ПШАӘҚБ сауда үшін белгіленсе, не бастапқы танылу кезінде ПШАӘҚБ санаты деп айқындалса, қаржылық актив ПШАӘҚБ ретінде жіктеледі.

Егер ол:

- негізгі мақсаты оны таяу болашақта қайта сату үшін сатып алынған болса; немесе
- бастапқы есепке алу кезінде Қоғам бірыңғай портфель ретінде басқаратын қаржылық құрал портфелінің бір бөлігі болса, онда қысқа мерзімді сатып алу мен қайта сатудың таяудағы тарихы болса; немесе
- тиімді хеджирлеу мәмілесінде хеджирлеу құралы ретінде белгіленбеген дериват болып табылса қаржылық актив «сауда үшін белгіленген» деп жіктеледі..

«Сауда үшін белгіленбеген» деп табылатын қаржылық актив, бастапқы танылу кезінде ПШАӘҚБ ретінде саналады егер:

- басқа жағдайда пайда болуы мүмкін осындай жіктеуді қолдану активтер мен міндеттемелерді бағалауда немесе есепке алуға теңгерімсіздікті жойса немесе едәуір қысқартса; немесе
- қаржылық актив оларды басқару мен бағалау Қоғамның тәуекелдерін немесе инвестициялық стратегиясын басқарудың құжатпен ресімделген стратегиясына сәйкес әділетті құн негізінде жүзеге асырылатын және осындай топ туралы ақпарат осындай негізде ұйым ішінде тапсырылатын қаржылық активтер, қаржылық міндеттемелер топтарының бір бөлігі немесе қаржылық активтер, қаржылық міндеттемелер топтары болса; немесе
- құрал бір немесе бірнеше кіріктіріме туынды құралдарды және ХБЕС 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» деп қамтылса, қаржылық актив құралды жіктеуді тұтастай алғанда (актив немесе міндеттеме) ПШАӘҚБ ретінде шешсе, ол есепке алу кезінде ПШАӘҚБ ретінде белгіленуі мүмкін.

ПШАӘҚБ-ның қаржылық активтері жеке есепте жиынтық табыс туралы қайта бағалауды көрсете отырып, әділетті құн бойынша көрсетіледі. Жиынтық табыс туралы жеке есепте танылған таза пайда немесе шығын жеке есептегі таза табыс туралы қаржылық актив бойынша алынған кез келген дивидендтер мен пайыздарды қамтиды. Әділетті құн 4-ескертуде келтірілген тәртіппен айқындалады.

(г) Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер

Ұйымдастырылған нарықтарда айналымда болатын акциялар мен өтелетін облигациялар «сатуға арналған қолда бар» ретінде жіктеледі және сенімді айқындалатын әділетті құн бойынша көрсетіледі. Қоғам да сондай-ақ ұйымдастырылған нарықта айналымда болмайтын акцияларға салу да жүргізіледі, олар да САҚА санатындағы қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Аталған инвестицияның әділетті құны сенімді түрде айқындалмайды, сондықтан баға белгіленбейтін осындай үлестік құралдар жеткізу жолымен есептелетін инвестициялар өзіндік құн бойынша бағаланады. Әділетті құн 4-ескертуде белгіленген тәртіппен айқындалады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген құнсызданудан, пайыздардан болатын шығындарды және жыл ішіндегі жиынтық табыс туралы есепте тікелей танылатын ақша активтерінің бағамындағы айырмашылықтан болатын пайда мен шығындарды қоспағанда, әділетті құнның өзгеруінен болатын пайда мен шығын басқа да жиынтық табыста, инвестицияны қайта бағалау резервінде танылады. Инвестицияның болмауы немесе құнсыздануы кезінде бұрынғы инвестицияның жиынтық табысы немесе шығыны жыл ішіндегі пайдаға немесе шығынға қамтылады.

САҚА санатындағы үлестік бағалы қағаздар бойынша есептелетін дивидендтер, Қоғамның оларды алу құқығы туындаған кезде жиынтық табыс туралы есепте көрініс табады.

Шетел валютасында көрсетілген САҚА-ның ақшалай активтерінің әділетті құны шетелдік сол валютамен белгіленеді және есеп беру күніндегі айырбас бағамы бойынша аударылады. Жиынтық табыс туралы есепте танылатын оң және теріс бағамдық айырмашылықтар ақшалай активтің амортизациялық құны негізінде айқындалады. Басқа да оң және теріс бағамдық айырмашылықтар басқа да жиынтық табыста танылады.

(з) Қарыздар және дебиторлық берешек

Ұйымдастырылған нарықта айналымда болмайтын, тіркелген және айқындалған төлемдері бар сауда дебиторлық берешегі, берілген қарыз және басқа да дебиторлық берешек «қарыздар және дебиторлық берешек» ретінде жіктеледі. Қарыздар және дебиторлық берешек құнсыздану шегерімінен кейінгі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып, амортизацияланған құн бойынша есептеледі. Пайыздық табыс ол бойынша пайыздық табыс мардымсыз болатын қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы танылады.

(д) Қаржылық активтерді есептен шығару

Қоғам қаржылық активтерді ол бойынша ақша ағынына шарттық құқық тоқтатылған немесе қаржылық активті және тиісті тәуекел мен пайданы басқа ұйымға берген жағдайда ғана есептен шығарады. Егер Қоғам активті иеленудің барлық негізгі тәуекелдері мен пайдаларын бермесе, сақтамаса, онда ол осы активтегі өз үлесін және соған байланысты ықтимал міндеттемелерін көрсетуді жалғастырады. Егер Қоғам берілген қаржылық активтерді иеленуден келетін барлық негізгі тәуекелдер мен пайдаларды сақтаса, ол қаржылық активті ескеруді жалғастырады, ал берген кезде алынған қаражатты қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрсетеді.

Қаржылық актив толық кеткен кезде активтің баланстық құны мен алынған және алынуға жататын және пайдадан немесе шығыннан жинақталған, басқа да жиынтық табыстың құрамында және капиталда жинақталған деп танылған өтеу сомасы арасындағы айырма пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі.

Қаржылық актив толық көлемде кетпеген жағдайда (мысалы, Қоғам берілген активтің бір бөлігін сатып алу мүмкіндігін сақтайды немесе иеленуден келетін барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде сақтамауға әкеп соғатын қалдықты мүдде сақталады да, Қоғамды бақылауды сақтап қалады), Қоғам қаржылық активтің алдыңғы баланстық құнын қатысу барысында өзі тануды жалғастырып отырған бөлік пен берілген күні осы бөліктің салыстырмалы түрдегі әділетті құны негізінде танымайтын бөлігі арасында бөледі. Бұдан былай танымайтын бөліктерге бөлінетін баланстық құн мен бұдан былай танылмайтын бөлік үшін алынған сыйақы арасындағы айырма және басқа да жиынтық табыс құрамында танылған, оған бөлінген кез келген жинақталған пайда немесе шығын пайдада немесе шығында көрініс табады. Басқа да жиынтық табыс құрамында танылған жинақталған пайда немесе шығын оны тану жалғастырылатын бөліктің және бұдан былай танылмайтын бөліктің арасында, осы бөліктердің салыстырмалы түрдегі әділетті құны негізінде бөлінеді.

(е) Қаржылық міндеттеме және капитал

Борыштық және үлестік қаржылық құралдар тиісті шарттың мән-маңызы және қаржылық міндеттеме мен үлестік құрал айқындамасы негізінде қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеледі.

(ж) Үлестік құралдар

Үлестік құрал – бұл ұйымның барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін оның активіне қалдықты қатысуды куәландыратын кез келген келісімшарт. Қоғам шығарған үлестік құралдар шығаруға кеткен тікелей шығындарды шегергеннен кейін алынған пайда бойынша есептеледі.

(з) Басқа да қаржылық міндеттемелер

Қарыз қаражатын қоса алғанда, басқа қаржылық міндеттемелер мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындар шегерілгеннен кейін әділетті құн бойынша есепке алынады.

Бұдан әрі қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизациялық құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығыс тиімді есептеу мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

(и) Қаржылық міндеттемелерді есепке алуды тоқтату

Қоғам қаржылық міндеттемелерді есепке алуды Қоғамның міндеттемелері өтелген, жойылған немесе мерзімі өтіп кеткен кезде ғана тоқтатады. Қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төленуге жататын сыйақы арасындағы айырма пайданың немесе шығынның құрамында көрсетіледі.

(к) Туынды қаржылық құралдар

Туынды құралдар бастапқыда туынды келісімшарт жасалған күнгі әділетті құн бойынша танылады және кейіннен олардың әділетті құнына дейінгі әрбір есепті күніне қайта бағаланады. Жиынтық пайда немесе шығын жиынтық табыс туралы жеке есепте туынды құрал танылмайтын және ол хеджирлеу құралы ретінде ғана жарамды жағдайда ғана танылады, бұл жағдайда жеке есептегі жиынтық табысты тану мерзімі хеджирлеудің сипатына байланысты болады.

Оң әділетті құны бар туынды құрал қаржылық актив ретінде танылады, ал теріс әділетті құны бар туынды құрал қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Егер туынды құралдың жұмыс істеу мерзімі 12 айдан асып кетсе және оны сату немесе өтеу таяудағы 12 ай ішінде мүмкін болмаса, ол ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде көрсетіледі. Басқа да туынды құралдар қысқа мерзімді активтерге немесе қысқа мерзімді міндеттемелерге қамтылады.

(л) Кірікпе туынды құралдар

Егер негізгі келісімшарт пен кірікпелі құралдың экономикалық сипаттамасы мен тәуекелдері бір-бірімен байланысты болмаса, кірікпелі туынды құралдар негізгі келісімшарттан бөлек қарастырылады, егер аралас құрал ПШАӨҚБ ретінде айқындалмаса, кірікпелі туынды құралдың талаптарына ұқсас талаптарды көздейтін тәуелсіз құрал, туынды құралдың ықпалында кетеді.

Туынды құралдар бастапқыда әділетті құн бойынша танылады. Мәміле бойынша тиісті шығындар өздерінің пайда болуларына қарай жиынтық табыс туралы жеке есепте танылады. Бастапқы танылудан кейін туынды құралдар әділетті құн бойынша бағаланады және оның өзгеруі жиынтық табыс туралы жеке есепте танылады.

3.5. Қорлар

Қорлар – бұл әдеттегі қызмет барысында сатылуға немесе осындай сатылымға арналған өндірілу сатысындағы немесе өндіріс не қызмет көрсету сатысында тұтынылатын материалдар мен керек-жарақтар болып табылатын активтер.

Қорлар екі шаманың ең азынан ескеріледі: нақты өзіндік құнынан және өткізудің таза нарық құнынан. Қорларды өндіріске бөлу және басқа да босату кезінде олардың бағалануы орта өлшем баға әдісімен шығарылады. Дайын өнімнің және аяқталған өндірістің өзіндік құны шикізат пен материалдың құнын, өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысына төленетін шығындарды және басқа да тікелей шығындарды, сондай-ақ тиісті өндірістік үстеме шығыстардың үлесін (өндірістік қуаттың нормативтік пайдаланудың негізінде есептелген) қамти отырып, несие қаражаты бойынша шығыстарды қамтымайды.

Қорлар алып сатуға арналған сатып алынған тауарларды қамтиды. Оларға мысалы алып сатуға арналған сатып алынған тауарлар не жер телімі және басқа да мүлік жатады. Қорлар сондай-ақ Қоғаммен шығарылған дайын және аяқталмаған өнімді, сондай-ақ өндірістік процессте бұдан әрі қолданылуға арналған немесе қызмет көрсету кезінде шикізат пен материалдарды қамтиды.

3.6. Резервтер

Егер Қоғамның өткен оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемесі (заңды немесе енгізілген) болған жағдайда Қоғам резервті таниды: осы міндеттемені өтеу үшін иқтимал болып табылатын экономикалық пайдасы бар ресурстарға қандай да бір қажеттілік туындағанда; және міндеттеме сомасына сенімді есеп жасалғанда.

(а) Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер

Активтерді пайдаланудан шығару резервтері, егер:

- (i) Қоғамның жабдықты немесе механизмді демонтаждау және тасымалдау және жабдық орналасқан телімді қайта қалпына келтіру бойынша ағымдағы міндеттемесі болған жағдайларда,
- (ii) Осы міндеттемені өтеу үшін экономикалық табыстардың жылыстауы қажеттігінің мүмкін болуы және
- (iii) Осындай резервті сенімді бағалауды жүзеге асыруға болатын болса ғана дисконтталған негізде толық көлемінде танылады. Танылатын сома жергілікті жағдайға және талаптарға сәйкес белгіленіп, бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Бұдан басқа, резерв көлеміне сай сома тиісті жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар құнына қосылады.

Есептік мерзімдегі немесе міндеттемені өтеуге қажетті экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың жылыстауы сомасындағы өзгерістердің нәтижесінде болған немесе дисконттаудағы ақының өзгеруі:

- 1) резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе шегеріледі;
- 2) актив құнынан шегерілген сома оның баланстық бағасынан жоғары болмауы тиіс. Егер резервтің төмендеуі активтің баланстық құнынан асып кетсе, онда пайда мен залалдағы жоғарылау бірден байқалады; және
- 3) егер түзетулер актив құнының жоғарылауына әкеп соқтырса, онда Қоғам актив құнының жана баланстық құнының толық өтелмегенінің көрсеткіші болып табыла ма деген мәселені қарастырады. Егер бұл осындай көрсеткіш болса, онда Қоғам активтің құнсыздануына оның өтелетін құнын бағалау арқылы тестілеу өткізеді және пайда мен залалдың құнсыздануынан болған залалды көрсетеді.

(ә) Басқа резервтер

Резервтер мынадай жағдайларда қаржы есептілігінде көрсетіледі, егер:

- (i) Егер Қоғамның бұрын болған оқиғалардың нәтижесінде пайда болған міндеттемелері (құқықтық не қалыптасқан тәжірибеге байланысты) бар болса,
- (ii) Міндеттемені өтеу үшін экономикалық табыстарды қамтитын ресурстардың жылыстауы қажеттігі мүмкін болса, және
- (iii) Осы міндеттемені сенімді бағалау жүзеге асырылса. Егер Қоғам резервтің өтелуін күткен жағдайда мысалға алсақ сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі, бірақ тек сол жағдайда егер өтеуді алу сөзсіз болған жайдайда.

Егер ақшалай қаражаттың уақытша құнының уақытша әсері айтарлықтай болса, резервтер салық салуды есептеуге дейінгі ставкалар бойынша ақша қаражатының болашақта күтіліп отырған қозғалысын дисконттау арқылы есептеледі, олар ақшалай қаражаттың уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын, және қайда болса да міндеттемеге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді көрсетеді. Дисконттауды пайдаланған кезде резервтің ұлғаюы уақыт өте келе қаржылық шығындар ретінде танылады.

3.7. Қызметкерлердің сыйақылары

Қызметкерлердің сыйлық ақысы мыналарды қамтиды:

- (а) қызметкерлер тиісті қызмет көрсеткен жылдық есептік кезең аяқталған соң он екі ай уақыт өткенде толық көлемде төленуге тиіс қызметкерлердің қысқа мерзімді сыйлық ақысы. Қоғам қызметкермен көрсетілген қызметтер үшін төленуге тиіс қысқа мерзімді сыйлық ақының дисконтталмаған көлемін мойындайды;
- (ә) қызметкерлердің еңбек жолын аяқтағаннан кейінгі сыйақылары;

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

1998 жылдың 1 қаңтарында толық көлемінде қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғамның бүкіл қызметкерлері 1998 жылдың 1 қаңтарына қарағанда еңбек өтілінің көлеміне барабар еңбек өтілі болған жағдайда зейнетақымен қамсыздандыру кепілдігі құқығына ие болады. Сондай-ақ, заңнамамен анықталған қызметкерлердің табысынан 10 % көлеміндегі міндетті зейнетақы жарналарынан қалыптасқан және Қоғам компаниясының ұжымдық шартының талаптарына сәйкес басқа да жәрдемақы жеке зейнетақы жинақтары есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы төлемдеріне.

Еңбек жолы аяқталысымен берілетін сыйақылар зейнетақыдан басқа, басқа да бекітілген жарналар зейнетақы жоспарлары және бекітілген төлемдер зейнетақы жоспарлары сияқты еңбек жолы аяқталысымен берілетін сыйақыларын қамтиды.

Бекітілген жарналар зейнетақы жоспарлары – бұл құқықтық міндеттеме немесе Қоғамның тәжірибесінен шығатын міндеттеме, жеке қорға міндетті түрде аударатын сомамен шектеледі.

Бекітілген төлемдер зейнетақы жоспарлары қорландырылмаған болып табылады. Қоғамның қызметкерлерге сыйақылар төлеу міндеттемесі қызметкерлерге келісілген көлемдегі төлемдердің қамтамасыз етумен тұжырымдалады, бұл ретте актуарлы және инвестициялық тәуекелдер Қоғамға тиесілі болады. Бұның салдары ретінде, бекітілген жарналар зейнетақы жоспарларына қатысты танылған шығыстардың көлемі осы кезеңдегі жарналардың сомасына балама болмауы мүмкін.

3.8. Түсім

Қоғам тауарларға меншік құқығымен байланысты едәуір тәуекелдердің және пайдалардың сатып алушыға өткен кезінде, әдетте тауарларды жөнелту кезінде тауарларды сатудан түскен түсімді таниды. Егер Қоғам тауарларды белгілі бір жерге жеткізу міндеттемесін өзіне артса, түсім межелі орында тауарларды сатып алушыға берген кезде танылады.

Нақты операцияның аяқталу санатына байланысты есеп кезеңінде қызмет көрсетуден түскен түсім ретінде танылады, шарт бойынша көрсетілуге тиіс қызметтердің жалпы көлемінде нақты көрсетілген қызметтер үлесіне пропорционалды бағаланған.

Түсім ҚҚС және жеңілдіктерді ұстап қала отырып көрсетіледі.

Түсімнің мөлшері сыйақының алынған не алынуға тиіс әділ бағасы бойынша анықталады. Егер айырбас мәмілесі арқылы түскен тауардың әділ бағасын сенімді бағалау мүмкін болмаса, онда түсім сатылған тауарлардың немесе қызметтердің әділ бағасы бойынша бағаланады.

Алынуға тиісті пайыздар тиімді пайыздың ақысы әдістемесін пайдалана отырған табыс деп танылады.

Акционерлердің төлемдерді алуға құқығы анықталған жағдайда дивиденттер танылуы тиіс.

3.9. Шығыстар

Шығыстар пайда болғанына қарай танылады және тиісті кезеңге есептеу әдістемесі негізінде Қоғамның қаржы есебінде көрініс табады.

Қоғамның әдеттегі қызметі барысында пайда болатын шығыстар сатудан түсетін табысты алу үшін шығыстарды (өзіндік құнды қамтитын шығыстар), жалпы және әкімшілік шығыстарды, сату бойынша шығыстарды, қаржы және басқа да шығыстарды (шығындар) қамтиды.

3.10. Активтердің құнсыздануы

Әр есепті күнге басшылық активтердің құнсыздану сипаттарының болуын анықтайды. Егер сондай ең азы бір сипат анықталған болса, Қоғамның басшылығы екі мөлшерден үлкені анықталатын өтелетін соманы бағалайды: активтің сатылу шығыстарынан әділ бағаны шегере отырып және активтің эксплуатациялық маңыздылығы. Активтің баланстық құны өтелетін сомаға дейін төмендейді; шығындар активтің баланстық құнның оның өтелетін құнынан жоғарылаған сомасында табыстар мен шығындарда көрініс табады. Егер

есептік бағалаудың нәтижесінде активтің өтелетін құны жоғарылап өзгерген болса, өткен есептік кезеңдерде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын сторндалады.

3.11. Капитал

Капитал бухгалтерлік баланста келесі баптар бойынша жіктеледі:

- 1) жарғылық капитал;
- 2) эмиссиялық кіріс;
- 3) қосымша енгізілген капитал;
- 4) сатуға арналған инвестицияларды қайта бағалау жөніндегі резерв;
- 5) валюталарды қайта есептеу жөніндегі резерв;
- 6) хеджирлеу резерві;
- 7) резервтік капитал;
- 8) бөлінбеген табыс (жабылмаған шығын);

Жарғылық капитал – бұл орналастырылған акциялардың номиналды құны бойынша акционерлерден түсетін жарналардың мөлшері. Жарғылық капиталға құрылтайшылардың жарналар бойынша берешектерін шегере отырып және акционерлерден сатып алынған акциялардың номиналды құнын шегере отырып акциялардың номиналды құны бойынша көрсетіледі. Акциялардың орналастыру нәтижесінде табыстар мен шығындар танылмайды, өз капиталындағы өзгеріс ретінде қаржы есептілігінде көрсетіледі.

Эмиссиялық кіріс – бұл Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру процесінде (жарғылық капиталды тағайындау және кейінгі көбейту кезінде), акцияларды атаулы құннан асып кететін бағамен орналастыру салдарынан акционерлерден капиталға қатысканы үшін түсетін өтеу мөлшерін акциялардың атаулы құннан асыру.

Қосымша енгізілген капитал акционерлердің акцияларды орналастырмай-ақ Қоғамға берген немесе көрсеткен, немесе акциялардың болашақ эмиссиялары есебінен берген активтерінің немесе қызметтерінің құнын білдіреді.

Валюталарды қайта есептеу резерві функционалдық валютасының Қоғамның функционалдық валютасынан айырмашылығы бар еншілес кәсіпорынның нәтижелері мен қаржылық көрсеткіштерін қайта есептеу кезінде туындайды. Валюталарды қайта есептеу резерві еншілес кәсіпорынның кетуі кезінде оны сату, активтерін сатуға шығару, жарналарын акционерлік капиталға қайтару немесе еншілес кәсіпорынды толық немесе ішінара жою арқылы пайда мен залалдың есепшотына аударылады.

Инвестицияларды қайта есептеу резерві сатуда бар қаржы активтерін есептік күнге шекті әділетті құнымен қайта бағалау есебінен құралады.

Хеджирлеу резерві тиімді хеджирлеу нәтижелерінен құралады. Қоғам капиталда ақша ағындарын және шетелдегі қызметіне салынған таза инвестицияларын тиімді хеджирлеу нәтижелерін ескереді.

Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) ағымдағы жылғы қызметтің таза қаржылық нәтижесін өткенжылдардың бөлінбеген пайдасына қосу және осы пайданы бөлуді шегеру жолымен үдемелі нәтижемен құрылады.

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

3.12. Еншілес, бірлесе бақылауға жатқызылған және қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестицияларды есепке алу

- Жеке қаржы есептемесі – бұл Қоғамның есеп көрсету, онда инвестицияның есебі капиталдағы тура үлесі негізінде жүреді, инвестициялар объектісінің есеп беруінде көрсетілетін нәтижелері мен таза активтері емес.
- Жеке қаржы есептемесін әзірлегенде, Қоғам еншілес компанияларына, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдастырылған компанияларға салған инвестицияларын ескереді, олар сатылуға қойылмаған салаластырылмаған, өзіндік құнымен тұрғандар. Қоғам барлық инвестициялар категориялары үшін бірдей есеп жүргізеді.
- Қоғам тобы ішіндегі еншілес кәсіпорынның шығып кетуі Қоғамның жеке қаржы есептемесінде теңгерімнің құнында көрсетіледі.
- Қоғам еншілес компаниялардан, бірлескен кәсіпорындар және қауымдастырылған компаниялардан түскен дивидендтерді жеке қаржы есептемесінде пайда және шығын ретінде дивидендтерді алу құқығы жүзеге асқан кезде мойындайды.

3.13. Шетелдік валютадағы операциялар

Қаржы есептемесіне қосылған Қоғамның және Қоғамның еншілес кәсіпорындарының қолданыстағы валютасы, экономикалық ортасы басым валютасы болып табылады. Онда Қоғам және оның еншілес кәсіпорындары өзінің қызметін атқарады. Қоғамның қолданыстағы валютасы және Қоғамның есеп беру валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге болып табылады.

Тиын активтері және міндеттемелер тиісінше есеп беру мерзіміне сәйкес Қазақстан қор биржасы (ҚҚБ) ресми айырбастау бағамы бойынша Қоғамның әрбір еншілес компаниялары қолданыстағы валютаға айналады. Пайда және шығынды тиын активтерін және міндеттемелерді әр компанияның қолданыстағы валютаға ҚҚБ ресми айырбастау бағамы бойынша санау және қайта санау кезінде пайда және шығын ретінде саналады. Бағам бойынша жылдың соңына қайта санау нақты шығындармен есептелінетін бухгалтерлік теңгерімнің тиын емес баптары бойынша жүргізілмейді. Бухгалтерлік теңгерімнің тиын емес баптары шетел валютасының әділ құнымен есептегенде, оның ішінде капиталға инвестиция құю, қайта санау валюталар бағамдарын әділ құнды таңдау мерзімімен жүреді. Айырбастау бағамдарының әділ құнының тиын емес баптарының өзгеруіне ауытқу әсері пайда немесе шығын құрамында әділ құнның өзгеруінде көрінеді.

Бухгалтерлік теңгерім баптарын қайта санау және Қоғамның әр компаниясының жиынтық табысының есеп беруі (қолданыстағы валюта мемлекеттің шектен тыс экономикасының валютасы болып табылмайды) мынадай валюталық есеп беру түрінде жүреді:

- 1) әр тапсырылған бухгалтерлік теңгерімнің активтері мен міндеттемелері тиісті теңгерімдік мерзімге сәйкес қайта есептеледі;
- 2) жиынтық табысында көрсетілетін есеп беруде табыс пен шығыс, ақшалай қаражаттың әр көрсетілген кезеңі бойынша жылжуы операция өткізілетін күннің бағамы немесе орташа бағаммен, егерде соңғысы сомалық қатынас бойынша нақты бағамымен қанағаттандыратын болса жасалады.
- 3) операция өткізілетін күні капитал баптары тарихи бағаммен қайта есептеледі; және
- 4) қайта есептеу нәтижесінде туындаған барлық бағам айырмашылықтары өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

Еншілес кәсіпорынның акционерлік капиталды сату, жою, бөлу барысында кетуі кезінде немесе барлық компания немесе оның бір бөлігі қызметін тоқтатқан кезде өзге жиынтық кіріс құрамында ескерілген бағам айырмалары пайда мен залалға ауыстырылады.

Гудвил және шетелдік компанияны сатып алу кезінде туындайтын әділетті құнға өзгерістер шетелдік компанияның активтері мен міндеттемелерінде көрсетіледі және есептік күнгі бағам бойынша қайта есептеледі.

3.14. Кепілдіктер

Топтың еншілес, қауымдастырылған және бірлесе бақыланатын ұйымдарының немесе өзге байланысты тараптарының төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, Топ кепілдіктер беру туралы шарттар жасасқан кезде, Топ аталған шарттарды шартты түрдегі шарттар ретінде қарастырады және оларды солар сияқты есептейді. Осыған байланысты Топ тиісті кепілдіктер бойынша төлемді жүзеге асыру мүмкін болғанға дейін, Топ кепілдіктер шартын шартты түрдегі міндеттемелер ретінде қарастырады.

3.15. Салықтар

Табыс салығы салық салынатын пайдадан, сондай-ақ кейінге қалдырылған салықтардан есептелінетін ағымдағы салықтарды қамтиды. Табыс салығы, өзге жиынтық кірістің немесе капиталдың құрамына кірген тармақтарға жататын көлемнен басқа, кіріс пен шығыстан көрінеді, мұндай жағдайда ол тиісінше өзге жиынтық кірістің немесе апиталдың құрамына да танылады.

Ағымдағы табыс салығы ағымдағы және оның алдындағы кезеңдегі салық салынатын пайдаға немесе залалға қатысты мемлекеттік бюджеттен төлеуге немесе орнын толтыруға тиісті соманы білдіреді. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе залал бағалау көрсеткіштеріне негізделген. Табыс салығынан басқа салықтар операциялық шығыстар құрамында көрінеді.

Мерзімі кейіндетілген салық корпоративтік табыс салығына да, үстеме пайдаға салынатын салыққа да есептелінеді.

Мерзімі кейіндетілген салық ХҚЕС-ке және салық салу мақсаттары үшін белгіленген осы активтер мен міндеттемелердің салықтық базасына сәйкес дайындалған қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының арасындағы уақытша айырмашылықтар бойынша баланстық міндеттемелер әдісімен есептеледі.

Мерзімі кейіндетілген табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, бухгалтерлік балансты жасаған күнге қолданылған немесе қолданысқа енгізілген салықтық ставкаларға (және салық заңнамасына) негізделіп, актив сатылған/пайдаланылған немесе міндеттеме өтелген кезеңге сай қолданылатын салықтық ставкалар бойынша есептеледі.

Үстеме пайдаға салынған мерзімі кейінге қалдырылған салық, келісімшарттар бойынша төлеуге жататын үстеме пайдаға салынатын салықтың күткен ставкасын қолдана отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қатысты активтер мен міндеттемелер бойынша уақытша айырмашылықтарға қатысты есептеледі. Салық салынатын базаны азайтатын және салықтық залалдардың болашақ кезеңдеріне көшірілген уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер, болашақта салық салынатын пайда табу және осындай шегерімдер сомасына азайтылуы мүмкін болған жағдайда ғана мойындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер тиісті салықтық жеңілдіктерді іске асыру мүмкіндігі бұдан әрі болмайтын көлемде кемиді.

Қосылған құнға салынатын салық (ҚҚС)

Сату барысында туындайтын ҚҚС тауарларды жөнелту немесе қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеуге жатады. Тауарлар мен қызмет көрсетуді сатып алған кезде төленген ҚҚС (резидент еместер бойынша ҚҚС есептемегенде) өнім берушіден салықтық шот-фактураны алған кездегі төлем кезіндегі ҚҚС-ға есептелуі мүмкін. Салық заңнамасы ҚҚС бойынша бюджетпен таза негізде есеп айырысуға рұқсат етеді. Тиісінше, сатып алу жөніндегі ҚҚС, есеп күніне олар бойынша жасалмаған есептемелер бухгалтерлік баланста таза негізде көрсетіледі. Өтелетін ҚҚС, егер есептік күннен бастап бір жыл ішінде оны өтеу көзделмесе, онда ұзақ мерзімді болып бағаланады.

3.16. Сатып алу немесе құру туралы шешімді меншік иесі/акционердің өзі қабылдайтын әлеуметтік сала объектілері

Әлеуметтік сала объектілерін сатып алу туралы шешімді Қоғам басшылығы емес, меншік иесі/акционер өз қалауы бойынша қабылдағанда және оның директивалық сипаты болған жағдайда, онда мұндай мұндай сатып алулар меншік иесі/акционердің пайдасына есептеліп, қаралады. Бұл ретте Қоғам меншік иесі/акционердің шешімімен әлеуметтік сала объектісін сатып алудан қандай да бір экономикалық пайда (тікелей немесе ықтимал) таппайды. Осындай әлеуметтік сала объектілерін сатып алу немесе құру жөніндегі шығындар өз капиталындағы өзгерістер туралы есепте бөліске түспеген пайданы бөлу (пайдалану) ретінде көрсетіледі. Мұндай объектілерді ұстау шығындары шегу шамасына қарай пайда мен залалда көрсетіледі.

3.17. Жалпы бақылаудағы Компанияларды қайта ұйымдастыру шеңберінде активтерді сатып алу

Жалпы бақылаудағы ұйымдар мен кәсіпорындарды қамтитын қайта ұйымдастыру шеңберінде активтерді сатып алу, барлық біріктіретін ұйымдарды немесе кәсіпорындарды шындығында бір ғана тарап бақылайтын бірлестікті білдіреді.

Еншілес кәсіпорындардың осындай операциялар шеңберінде берілетін активтері мен міндеттемелері беруші тараптың баланстық құны бойынша ескеріледі және алушы тараптың қаржылық есептілігіндегі тиісті құн бойынша көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

Көрсеткіштерге және/немесе есептіліктегі ашылымдарға әсер еткен жаңа және қайта қаралған ХҚЕС:

Биылғы жылы Қоғам алғаш рет 2013 жылы қолданылуы міндетті болып саналатын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары комитеті шығарған (ХҚЕСК) бірқатар жаңа және қайта қаралған ХҚЕС-ті қолданды.

7 «Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу туралы ашылымдар» ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер.

Қоғам биылғы жылы 7 «Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу туралы ашылымдар» ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді бірінші рет қолданды. 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер өзара есепке алу немесе осындай шарттар туралы заңды түрде орындалатын басты келісімдердің шеңберінде өзара есепке алуды және осындай шарттарды ашуды талап етеді.

Шоғырлануды, бірлескен қызмет туралы келісімдерді, тәуелді кәсіпорындарды тіркеу туралы және ашылымдар бойынша жаңа және қайта қаралған стандарттар.

2011 жылдың мамыр айында шоғырлануды, бірлескен қызмет туралы келісімдерді, тәуелді кәсіпорындарды тіркеу туралы және ашылымдар бойынша «бес стандарт пакеті» шығарылды:

ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»,
ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет»,
ХҚЕС (IFRS) 12 «Басқа кәсіпорындарда қатысуы туралы ақпараттың ашылуы»,
ХБЕС (IAS) 27 (2011) «Жеке қаржылық есептілік», және
ХБЕС (IAS) 28 (2011) «Тәуелді және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар».

Соңыра ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 11, ХҚЕС (IFRS) 12 алғашқы қолдану жөнінде түзетулер енгізілді.

ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілікті» қолданудың әсері.

ХҚЕС (IFRS) 10 ХБЕС (IAS) 27 «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік» пен ПКР (SIC) 12 «Шоғырландыру – Арнайы тағайындалған кәсіпорынның» бірқатар ережелерін алмастырды. ХҚЕС (IFRS) 10-ға үш міндетті элементі бар бақылаудың жаңа анықтамасы берілді: а) инвестициялар объектісінің үстінен қарайтын өкілеттіктер, б) инвестициялар объектісі қызметінің ауыспалы нәтижелерінің тәуекелдері мен пайдасы, және в) инвестициялар объектісі қызметінің ауыспалы нәтижелеріне әсер ету үшін билік өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі.

Бұрын кәсіпорындар, егер олардың пайда табуы үшін қаржылық және шаруашылық саясатын айқындау мүмкіндігі болып жатса, бақыланатын кәсіпорындар болып есептелетін. ХҚЕС (IFRS) 10-ның бақылауды айқындайтын қосымша басшылық мүмкіндігі бар.

Басшылық ХҚЕС (IFRS) 10-ға сәйкес «Семизбай У» ЖШС еншілес кәсіпорнына салымдарды саралауды қайта қарады. Басшылық «Семизбай У» ЖШС-ға еншілес кәсіпорын ретінде ХҚЕС (IFRS) 10-мен сараланған салымдар БК ретінде ХҚЕС (IFRS) 11 бойынша саралануға және қатысу үлесі бойынша көрінуге тиісті деген тұжырымға келді.

ХҚЕС (IFRS) 10 қолдануы жеке қаржылық есептілікті басқа айтарлықтай өзгерістерге соқтырған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызметті» қолданудың әсері

ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызметке қатысу» деген ХБЕС (IAS) 31-ді алмастырды. Мұның сыртында, ПКР (SIC) 13 «Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар – қатысушылардың монетарлық емес салымдарын» түсіндіру ХБЕС (IAS) 28-ге қосылды (2011). ХҚЕС (IFRS) 11-де екі немесе бірнеше тарап бірлесіп бақыланатын қызмет туралы келісімдерді бағалау және есепке алу қарастырылады. ХҚЕС (IFRS) 11-ге сәйкес бірлескен қызмет бірлескен операция (БО) немесе бірлескен кәсіпорын (БК) ретінде сараланады. Саралау, келісімнің құрылымын, заңдық нысаны мен шарттарын ескере отырып, тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен айқындалады. БО – бұл бірлескен бақылау туралы келісім, оның тараптары құқықтар мен активтерге иелік етеді және бірлескен қызмет міндеттемелері бойынша жауапты болады. БК – бұл бірлескен бақылау туралы келісім, оның тараптарының бірлескен қызметтің таза активтеріне құқықтары бар. ХБЕС (IAS) 31-де бірлескен қызмет туралы келісімнің үш түрі көрінді: бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар, активтер және операциялар. ХБЕС (IAS) 31-де бірлескен қызметті саралау негізінен оның заңдық нысанында айқындалды (мысалы, жекелеген заңды тұлғаның болуы бірлескен қызметті бірлесіп бақыланатын кәсіпорын ретінде саралауға алып келді).

БК мен БО-ны бастапқы және кейінгі есепке алудың айырмашылығы бар. БК-ға салымдар үлестік қатысу әдісімен көрініс береді (тепе-тең шоғырлануға рұқсат етілмейді). БО-ның әрбір қатысушысы қолданылатын стандарттарға сәйкес өз активін (бірлескен иеліктегі үлесін қоса алғанда), өз міндеттемелерін (бірлескен міндеттемелердегі үлесін қоса алғанда), өз түсімін (БО түсіміндегі үлесін қоса алғанда) және өз шығыстарын (БО шығыстарындағы үлесін қоса алғанда) таниды.

ХҚЕС (IFRS) 11 қолдануы жеке қаржылық есептілікті басқа айтарлықтай өзгерістерге соқтырған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 12 «Басқа кәсіпорындарда қатысуы туралы ақпараттың ашылуы»

ХҚЕС (IFRS) 12-ні ЕК пен ТК-дағы салымдар бойынша ашылымдарға, сондай-ақ бірлескен қызметке және/немесе шоғырландырылмайтын құрылымданған кәсіпорындарға қолдануға лайық.

ХҚЕС (IFRS) 12 қолдануы жеке қаржылық есептілікті басқа айтарлықтай өзгерістерге соқтырған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 13 «Әділетті құны бойынша бағалауды» қолданудың әсері

Қоғам биылғы жылы алғаш рет ХҚЕС (IFRS) 13-ті қолданды. Бұл стандарт әділетті құн бойынша бағалау мен әділетті құн бойынша бағалау туралы ашылымдарға бірыңғай тәсілді белгілейді. ХҚЕС (IFRS) 13 қаржылық және оларға қатысты ХҚЕС-тің басқа стандарттары әділетті құн бойынша бағалауды талап ететін немесе рұқсат ететін қаржылық емес құралдарға, сондай-ақ, ХҚЕС (IFRS) 2 «Акцияларға негізделген төлемдер» қолданылатын құралдардан басқа, әділетті құн бойынша бағалау ашылымдарына, ХБЕС (IAS) 17 «Жалгерлік» стандартымен реттелетін жалгерлік келісімдеріне, сондай-ақ салыстырылатын, бірақ әділетті құнға тең емес бағалауларға (мысалы, қорларды бағалау кезіндегі ықтимал таза сату бағасы (ЫТСБ) немесе құнсыздандуды бағалау кезіндегі пайдалану құндылығы (ПК) қолданылады.

Бұл стандартта әділетті құн анықтамасы енгізіледі, сондай-ақ оны анықтаудың жалпы тәсілдері және әділетті құн ашылымдарына талаптар белгіленеді. ХҚЕС (IFRS) 13 әділетті құнның ағымдағы нарық жағдайындағы бағалау күніне негізгі нарықта (ол болмаған жағдайда, барынша тиімді бағамен) активті ерікті сату немесе міндеттемелерді беру бағасы ретінде белгілейді. Сонымен, әділетті құн, бұл бағаның тікелей

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

бақыланатынына немесе оны өзгеше әдіспен бағалауға қарамастан, шығу бағасы ретінде белгіленеді. Мұның сыртында, ХҚЕС (IFRS) 13 ашылымдарға көптеген талаптар жүктейді.

ХҚЕС (IFRS) 13 2013 жылдың 1 қаңтарынан басталатын есептік жылдарда қолданылады. ХҚЕС (IFRS) 13-тің ауыспалы ережелері стандартты салыстырмалы ақпаратқа қолдану басталғанға дейінгі кезеңде қолданбауға мүмкіндік береді.

ХБЕС (IAS) 1 «ЖСҚ баптары туралы ақпарат беруге» түзетулер

Ағымдағы жылы Қоғам алғаш рет ХҚЕС (IAS) 1 «ЖСҚ баптары туралы ақпарат беруге» түзетулерді қолданды. Бұл түзетулер жиынтық пайда туралы есеп беруде және пайда және зиян туралы есеп беруде жаңа терминологияны (қолдану міндетті емес) енгізеді. Соған сәйкес «жиынтық пайда туралы есеп беру» «пайда мен залал және ЖСҚ туралы есеп беру» деп аталатын болды. ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер ПжЗ мен ЖСҚ-ны бірыңғай есеп немесе бірінен кейін бірі келетін екі жекелеген есеп түрінде беру мүмкіндігін сақтайды. Түзетулер ЖСҚ баптарының келесі тобы туралы талаптар енгізеді: а) ПжЗ-да кейін қайта саралауға жатпайтын баптар; б) белгілі бір жағдайларда ПжЗ-да кейін қайта саралауға жататын баптар. ЖСҚ баптары бойынша салықты осы екі топ бойынша бөлу қажет. Бұл ретте түзетулер ЖСҚ баптарын пайдаға салынатын салықты шегеруге дейін немесе шегеруден кейін беру нұсқасын таңдау мүмкіндігін таңдауды жойайды. Түзетулер ретроспективті қолдануды талап етеді, сондықтан ЖСҚ баптарын салыстырмалы кезеңде беру өзгертілді. Түзетулердің ПжЗ мен ЖСҚ-ға және жалпы жиынтық кіріске басқа әсері болған жоқ.

ХБЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсынуға» түзетулер

(2012 жылдың мамырында шығарылған «ХҚЕС (IFRS) 2009-2011 жақсартулардан»)

«ХҚЕС (IFRS) 2009–2011 жақсартулар» кейбір ХҚЕС-ке түзетулер енгізді.

Топқа осының алдындағы кезеңнің басында ҚТ туралы есепті (ҚТ туралы үшінші есеп) және сонымен байланысты ескертулерді енгізу туралы ХБЕС (IAS) 1-ге енгізілген түзетулер әсер етті. Түзету мынадай екі шартты бір мезгілде орындаған жағдайда: а) егер кәсіпорын ретроспективті түрде есеп саясатын қолданса немесе ретроспективті түрде қайта есептеу немесе қаржылық есептілік баптарын қайта сыныптауды жүргізсе және б) егер жоғарыда көрсетілген өзгерістер ҚТ туралы үшінші есеп көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етсе, ҚТ туралы үшінші есепті міндетті түрде ұсынуды көздейді. Бұл ретте түзетулерде ҚТ туралы үшінші есепке ескертулер қажет емес деп көрсетілген.

ХБЕС (IAS) 19 «Қызметкерлерге сыйақылар» (2011 жылы қайта қаралған)

Ағымдағы жылы Қоғам ХБЕС (IAS) 19-ды «Қызметкерлерге сыйақылар» (2011 жылы қайта қаралған) және оған енгізілген кейінгі түзетулерді алғаш рет қолданды. ХБЕС (IAS) 19 (2011) белгіленген төлемдермен және жұмыстан шығардағы жәрдемақылармен бірге ТТ есепке алу тәртібін өзгертті. Түзетулер белгіленген төлемдерімен бірге ТТ активтері мен міндеттемелерін өзгертулер есептік кезеңде толық танылғанын талап етеді. Сөйтіп, бұл талапты енгізу ХБЕС (IAS) 19-дың бұрынғы редакциясында рұқсат етілген «дәліз әдісін» жойып, бұрнағы кезеңдердегі қызмет көрсету шығыстарын тануды жеңілдетеді. Түзетулер таза зейнетақы активтері немесе міндеттемелері ФП туралы есепте ТТ тапшылығын (профицит) толық көлемінде көрсетуі үшін ЖСҚ-да актуарлық олқылықтардың барлық өзгерістерін көрсетуді қажет етеді. Мұның сыртында, ХБЕС (IAS) 19-дың бұрынғы редакциясындағы бағдарлама активтеріне арналған проценттік шығыстар мен күтілетін кірістердің есептері «таза проценттік кіріс/(шығыс)» есептеулеріне алмастырылды. Бұл көрсеткіш дисконттау мөлшерлемесін белгіленген төлемдерімен бірге ТТ таза активтеріне немесе міндеттемелеріне қолдану арқылы есептеледі.

ХБЕС (IAS) 19-ды қолдану жеке қаржылық есептілікті басқа айтарлықтай өзгерістерге соқтырған жоқ.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген – Қаржылық есептіліктің жаңа және қайта қаралған халықаралық стандарттары

Қоғам мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС-тер мен КРХҚЕС-терді (шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген) қолданған жоқ:

ХҚЕС (IFRS) 9	«Қаржы құралдары» ²
ХҚЕС (IFRS) 9-ға және ХҚЕС (IFRS) 7-ге түзетулер	«ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылатын күн және өтпелі ашылымдар» ²
ХҚЕС (IFRS) 10, 12 мен ХБЕС (IAS) 27	«Инвестициялық кәсіпорындар» ¹
ХБЕС (IAS) 32	«Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өзара есептесуі» ¹
ХБЕС (IAS) 36	«Активтердің құнсыздануы» ¹
ХБЕС (IAS) 39	«ҚИ: тану және бағалау» ¹
КРХҚЕС (IFRIC) 21	«Алымдар» ¹

¹ Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2014 жылғы 1 қаңтардан ерте басталмайтын жылдар үшін міндетті.

² Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2015 жылғы 1 қаңтардан ерте басталмайтын жылдар үшін міндетті.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

ХҚЕС (IFRS) 9, 2009 жылғы қарашада шығарылған, қаржы активтерін (ҚА) саралауға және бағалауға қойылатын жаңа талаптарды енгізеді. ХҚЕС (IFRS) 9, 2010 жылғы қазанда шығарылған, қаржы міндеттемелерін (ҚМ) саралауға және бағалауға қойылатын және оны тануды тоқтататын жаңа талаптарды енгізеді.

Төменде ХҚЕС (IFRS) 9-дың негізгі талаптары келтірілген:

- ХБЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» қолданылатын барлық танылған ҚА бастапқы танылғаннан кейін немесе амортизациялық құны (АҚт), немесе әділетті құны (ӘҚт) бойынша бағалануға тиісті. Атап айтқанда, шартта көзделген ақша ағындарын алуға бағытталған бизнес-моделінің шеңберінде ұсталынатын, тек негізгі сома мен соның проценттерін ғана қамтитын борыш құралдары, әдетте, АҚт бойынша бағаланады. Барлық өзге борыш және үлес құралдары ӘҚт бойынша бағаланады. ХҚЕС (IFRS) 9 сондай-ақ ӘҚт бойынша ЖСҚ арқылы ПжЗ-да тек дивидендтерден келген кірісті тани отырып, саудаға арналмаған үлес құралдарын бағалаудың баламалы нұсқасына жол береді (бастапқы танудан кейін бұл таңдаудан бас тартуға болмайды).
- өз кредиттік тәуекелдерінің өзгеруіне байланысты ОССЧПиУ ҚЕ ӘҚт өзгерістері, егер мұндай тану ПжЗ есептік дисбалансын құруға немесе ұлғайтуға соқтырмаса, ЖСҚ-да танылуға тиісті. ҚЕ өз кредиттік тәуекелімен байланысты ӘҚт өзгерістері кейін ПжЗ туралы есепте қайта саралауға жатпайды. ХБЕС (IAS) 39-ға сәйкес ОССЧПиУ ҚЕ ӘҚт өзгерістері ПжЗ туралы есепте толық мойындалды.

Басшылық ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер Қоғамның есеп-қисабына айтарлықтай әсер етпейді деп ойлайды, өйткені Қоғамның өзара есептеуге жататын қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелері жоқ.

ХБЕС (IAS) 32-ге түзетулер

ХБЕС (IAS) 32-ге түзетулер қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің өзара есептесу талаптарын түсіндіреді. Мысалы, түзетулер «өзара есепке алуға арналған заңды орындау құқығы» және «бір мезгілде активті сату және міндеттемені орындау» деген анықтамаларды түсіндіреді.

Басшылық ХБЕС (IAS) 32-ге түзетулер Қоғамның қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінде көрсетілген сомаларға әсер етуі мүмкін деп ойлайды.

4. ӘДІЛЕТТІ ҚҰНДЫ АЙҚЫНДАУ

Көп жағдайларда Қоғамның есебі саясатының ережесі және ақпаратты ашу ережесі қаржылық, сонымен қатар қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің шын құнын анықтауды талап етеді. Шын құн төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып ақпаратты бағалау және/немесе ашу мақсаты үшін анықталады. Актив немесе міндеттемелердің шын құнын анықтау процесінде жасалған рұқсат туралы қосымша ақпарат осы активке немесе міндеттемеге тиесілі ескертулерде ашылады.

(а) Үлестік және борыштық құнды қағаздардағы инвестициялар

Борыштық құралдардың шын құнының ең жақсы растауы актив нарығындағы белгіленген бағалар болып табылады. Егер қаржы құралдарының нарығы активті болып табылмаса, онда Қоғам бағалау әдісін пайдалана отырып шын құнын белгілейді. Бағалау әдісін қолданудың мақсаты тәуелсіз тараптар арасындағы қалыпты іскерлік ойлармен дәлелденген айырбасты жасаған кезде, өлшем күніндегі операциялар бағасының қандай екенін анықтауда тұрады. Бағалау тәсілдеріне тәуелсіз, жақсы хабардар болған, осындай операцияларды жасауға тілегі бар тараптар арасында жақында болған нарық операциялары туралы ақпаратты пайдалану, осындайлар бар болған кезде басқа практикалық ұқсас құралдардың ағымдағы шын құнымен салыстыру, опционның дисконтталған ақшалай ағындарын және бағалау үлгілерін талдау енеді. Егер құрал бағасын анықтау үшін нарық қатысушылары кең пайдаланатын бағалау әдісі бар болса, және осы әдіс нақты нарықтық операциялар негізінде алынған бағалаудың сенімді есептесу бағалауын қамтамасыз ететінін көрсетсе, онда кәсіпорын осы әдісті қолданады.

Таңдалған бағалау әдісі нарықтық бастапқы мәліметтерді барынша пайдаланады. Бағалау әдісіне бағаны белгілеу кезінде нарық қатысушылары есептейтін барлық факторлар енеді, және қаржы құралдарының баға құралымының көпшілік мақұлдаған экономикалық әдістемесіне сәйкес болады. Қоғам бағалау әдісін дүркін-дүркін салыстыра тексереді және осындай құралдармен ағымдағы бақыланатын нарық операцияларындағы бағалар туралы ақпаратты пайдалана (яғни модификациялаусыз және өзгертулерді енгізусіз), немесе бақылауда бар нарық мәліметтеріне сүйене отырып оның дұрыстығын тексереді.

Белсенді нарықтағы белгіленбеген нарық бағасының үлестік құралдарын инвестициялау, сондай-ақ өзіндік құны бойынша бағалануға тиіс осындай белгіленбеген үлестік құралдарды жеткізу арқылы жүргізілуге тиіс есептесудің туынды құралдарымен байланысты оның шын құнын сенімді бағалау мүмкін емес.

(ә) Саудалық және өзге дебиторлық пен кредиттік берешек

Ұзақ мерзімді саудалық және өзге дебиторлық пен кредиттік берешектердің шын құны есептік күн жағдайының нарықтық пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарының келтірілген құнымен бағаланады.

Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің ағымдағы бөлігі сақтық қордан күмәнді борыштардың құнсыздануын шегергеннен кейінгі өзіндік құны бойынша есептелінеді және ол оның қысқа мерзімді сипатына қарай шамамен алғандағы шын құнына тең болады.

(б) Туынды емес қаржы міндеттемелері

Ақпараты ашу мақсаттары үшін айрықша анықталатын шын құны есептік күннің жағдайы бойынша нарықтық сыйақы мөлшерлемесімен дисконтталған негізгі сомасы және сыйақысының болашақ ақшалай қаражаттар ағындарының келтірілген құнын бағалау негізінде есептелінеді.

5. ОСЫНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯНЫ ӨЗГЕРТУ

Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам басшылығы аудиттелген қаржылық есептілік пен Жалғыз акционердің есептілік пакетінің баптары арасындағы классификация айырмашылықтарын жою мақсатында қаржы жағдайы туралы жеке есептегі бірнеше баптарды қайта сыныптады, өйткені бұл өзгертулер Қоғамның осы активтері мен міндеттемелерінің сипатын жақсы көрсетеді деп есептейді. Қоғам 3-ескертуде сипатталған бухгалтерлік есептеменің жаңа және қайта қаралған стандарттарын қабылдаудан басқа, кез келген базалық активтер мен міндеттемелер үшін өзінің есепке алу саясатын өзгерткен жоқ.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

Өзгерістердің әсері

	2012 ж. (өзгеріске дейін) мың теңге	Қайта сыныптау мың теңге	2012 ж. (өзгерістен кейін) мың теңге
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Төленген аванстар және басқа дебиторлық берешек	12,734,096	(12,734,096)	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	-	7,443,922	7,443,922
Басқа да активтер	-	2,431,836	2,431,836
Өтелетін ҚҚС	-	2,858,338	2,858,338
Ұзақ мерзімді активтер жиыны	12,734,096	-	12,734,096
Қысқа мерзімді активтер			
Саудалық дебиторлық берешек	63,896,268	(63,896,268)	-
<i>Қысқа мерзімді</i>	-	-	-
<i>Ұзақ мерзімді</i>	11,205,107	-	11,205,107

(а) Кен орындарын қалпына келтіру резерві

Қоғам басшылығы 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайда барлық кен орындары бойынша тарату шараларына бөлінетін күтулі шығындарын, 2013 жылы сатып алынғандарды қосқанда, 19,871,540 мың теңгеге (2012 ж.: 2,163,039 мың теңге) бағалады. Осы келтірілген шығын құны тәуекелсіз атаулы құн болып саналатын 6% (2012 ж.: 7%) дисконттау ставкасын пайдаланумен бірге есептелді, ал болашақ ақша жылыстауы осындай міндеттемеге тән тәуекелдерді білдіреді.

Міндеттеменің ұзақ мерзімді сипатын ескере отырып, әрбір кен орнын қалпына келтіру кезеңіндегі шығындардың нақты құнына қатысты белгісіздік байқалады.

Басшылықтың учаскені жабуға, қалпына келтіруге және пайдаланудан шығаруға арналған шығыстарына қатысты бағалауы, Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманы дамытуды жалғастыруға қарай, қолданыстағы заңнама талаптарына жауап беретін, жерлерді қалпына келтіру жөніндегі стандарттарға негізделген. Резерв шахта қызметі мерзімінің соңында өндіру учаскелерін жабуға, қалпына келтіруге және пайдаланудан шығаруға күтілетін шығыстардың дисконтталған құнын білдіреді. Осы сомаларды есептеу кезіндегі белгісіздік элементтері заң талаптарының әлеуетті өзгерістеріне және учаскелерді пайдаланудан шығару мен қалпына келтірудің балама нұсқаларына жатады.

Төменде міндеттемелердің баланстық құнын есептеуге негіз болған негізгі болжаулар берілген:

- 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша учаскелерді қалпына келтіруге жұмсалған ақша қаражатының күтілетін ағынының келтірілген құны 11,205,107 мың теңгені құрады;
- кен орындары бойынша күтіліп отырған қаржы қаражатының жылыстау кезеңінің есебі ұңғымалардың қызмет көрсету мерзіміне негізделеді. Шығыстардың едәуір бөлігі кейбір кен орындары бойынша 2022 жылы, кейбіреулерінде кен орындарының қызмет көрсету мерзімінің соңына қарай 2032 жылы жұмсалады;
- 2013 жылғы инфляция деңгейі – жылына 6% (2012 ж.: 5%).

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(б) Әлеуметтік объект салу міндеттемесіне арналған резерв

2010 жылғы мамырда түпкі бақылаушы тараптың нұсқауы бойынша Қоғамға Астана қаласында Оқушылар шығармашылық сарайын (бұдан әрі – Объект) салу міндеті жүктелді.

Қоғам Объектіні құру міндетін орындады. Астана қаласы Әкімдігінің қаулысымен 2013 жылғы маусымда Қоғам Астана қаласының коммуналдық меншігіне тапсырылды. Соның нәтижесінде Қоғам өз балансынан бұрын есептелген 22,800,818 мың теңге сомасындағы провизия мен активті есептен шығарды.

40. ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тарихи шығындар	мың теңге
2012 ж. 1 қаңтарға	523,390
Дисконтты босату	17,354
Жыл ішінде пайдаланылған резервтер	(84,960)
Бағам айырмашылықтары	7,103
2012 ж. 31 желтоқсанға	462,887
<i>Қысқа мерзімді</i>	86,299
<i>Ұзақ мерзімді</i>	376,588
2013 ж. 1 қаңтарға	462,887
Түсімдер (17-ескерту)	2,273,317
Дисконтты босату	40,921
Төлемдер	(141,999)
Бағам айырмашылықтары	635
2013 ж. 31 желтоқсанға	2,635,761
<i>Қысқа мерзімді</i>	425,720
<i>Ұзақ мерзімді</i>	2,210,041

Өзге қаржылық міндеттемелер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарына сәйкес Орталық Мыңқұдық уран кен орны бойынша, сондай-ақ «Тау-кен Компаниясы» ЖШС-тен қабылданған кен орындары бойынша тарихи шығындарды білдіреді. Қоғамның Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – Үкімет) геологиялық барлау мен бағалау бойынша тарихи шығындардың орнын толтыру жөніндегі міндеттемелері 2013 жылғы 31 желтоқсанға 3,139,232 мың теңге сомасында (2012 ж.: 517,796 мың теңге) айқындалды. Қоғам «Тау-кен Компаниясы» ЖШС-пен бірігу нәтижесінде қосымша қаржылық міндеттеме таныды (39-ескерту).

Тарихи шығындар уранды коммерциялық өндіру күнінен басталатын 10 жылдық кезеңнің бітуіне дейінгі бірдей тоқсан сайынғы төлемдермен өтеуге жатады, сол уақыттың ішінде енді тарихи шығындардың орны толтырылуға тиісті. Міндеттеме болжамды болашақ төлемдердің дисконтталған ақша ағындарын білдіреді. 2013 жылы белгіленген тарихи шығындар үшін қолданылған дисконттық мөлшерлеме тәуекелсіз атаулы мөлшерлеме болып табылатын 3.3% жылдық (2012 ж.: 3.3%) көрсеткішті құрайды, және келешек ақша ағындары мұндай міндеттемеге тән тәуекелдерді білдіреді.

41. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

(а) Негізгі тәсілдерді шолу

Қаржы құралдарын пайдалану Қоғамды мынадай тәуекел түрлеріне ұшыратады:

- кредит тәуекелі;
- өтімділік тәуекелі;
- нарық тәуекелі;

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Осы ескертуде Қоғамның көрсетілген тәуекелдердің кез келгеніне ұшырау қаупі туралы, Қоғамның мақсаты, осы тәуекелдерді бағалау мен басқару саясаты және рәсімдері туралы, Қоғамның капиталды басқару тәсілдері туралы ақпарат берілген. Сандық сипаттағы қосымша ақпарат осы жеке қаржылық есептің барлық мәтіні бойынша ашылады.

Басқарма Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын ұйымдастыруға және осы жүйенің жұмыс істеуін қадағалауға толық жауап береді. Басқарма Тәуекелдерді басқару комитетін құрды, ол Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеуге және оның орындалуына жауап береді. Тәуекелдерді басқару комитеті Директорлар кеңесінің алдында өз жұмысы туралы үнемі есеп беріп отырады.

Қоғамның тәуекелдерді басқару саясаты Қоғам ұшырауы мүмкін тәуекелдерді анықтау және талдау, тәуекелдің ұйғарынды шекті мәндері мен бақылаудың тиісті тетіктерін белгілеу, сондай-ақ тәуекелдер мониторингі мен белгіленген шектеулерді сақтау мақсатында әзірленген. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйелері нарық шарттары мен Қоғам қызметінің өзгеруіне байланысты оларға өзгерістер енгізу үшін үнемі талданып отырады. Қоғам қызметкерлердің барлығы өз рөлдері мен міндеттерін толық түсінетін бақылаудың ретке келтірілген және пәрменді жүйесін құру мақсатында, оқыту мен басқару стандарттарын және рәсімдерін белгілейді.

(б) Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – бұл Қоғамның сатып алушының немесе контрагенттің қаржы құралы бойынша өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындаған қаржылық шығынға бату қаупі. Бұл тәуекел негізінен Қоғамның сатып алушылардың дебиторлық берешегімен, ақша қаражатымен және олардың эквиваленттерімен, және мерзімді депозиттерімен байланысты болуы мүмкін.

Ақша қаражатымен және олардың эквиваленттерімен, және мерзімді депозиттермен байланысты кредит тәуекелі, банкілердің контрагенттерді халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындайтын жоғары кредиттік рейтингтермен беруіне байланысты шектеулі болып келеді.

(i) Саудалық және өзге дебиторлық берешек

Қоғамның кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы негізінен әрбір сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты болады. Шамамен Қоғам кірісінің 69%-і (саудалық дебиторлық берешектің 85%-і) үш негізгі сатып алушыға сатудан тұрады.

Қоғам кредиттік саясатты қолданады, соған сәйкес әрбір жаңа клиенттің несие қабілеттілігі, Қоғам үшін төлемдер мен жеткізілімдерді жүзеге асырудың стандартты шарттары мен мерзімдері ұсынылмай тұрып, жеке-жеке талданады.

Қоғам клиенттерінің көпшілігі Қоғам мен он жылдан астам уақыттан бері операцияларды жүзеге асырып келеді. Қоғам саудалық және өзге дебиторлық берешекке қатысты сақтандыру өтемін талап етпейді.

(в) Кредиттік тәуекелге ұшырағыштық

Қаржы активтерінің баланстық құны Қоғамның кредиттік тәуекелге ең көп ұшырағыштық дәрежесін көрсетеді. Есептік күнге дейінгі жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің ең үлкен деңгейі мынаны құрады:

	Баланстық құны	
	31 желтоқсан 2013 ж. мың теңге	31 желтоқсан 2012 ж. мың теңге
Дебиторлық берешек	27,244,645	71,340,190
Өзге инвестициялар	67,039,366	67,039,366
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	31,926,385	26,969,043
Ақша қаражаты және оның эквиваленттері	4,380,688	22,126,643
Пайдалануда шектеулі ақша қаражаттары	1,690,814	1,680,074
Қызметкерлерге берілген қарыздар	1,198,615	1,092,966
	133,480,513	190,248,282

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

Есептік күнге дейінгі жағдай бойынша және географиялық өңірлер кесімінде саудалық дебиторлық берешекке қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі:

	Баланстық құны	
	31 желтоқсан 2013 ж. мың теңге	31 желтоқсан 2012 ж. мың теңге
АҚШ	12,734,022	9,434,069
Ел шегінде	9,286,887	9,208,698
Қытай	2,573,470	32,578,212
Еуропа елдері	770,080	9,096,454
Ресей	-	1,695,234
Өзгелер	1,880,186	9,327,523
	27,244,645	71,340,190

Қоғамның ең ірі клиенттері China Nuclear Energy Industry Corporation және CGNPC Uranium Resources Company Limited болып табылады. Есептік күнге дейінгі жағдай бойынша осы клиенттерден жиынтық дебиторлық берешек 14,616,351 мың теңгені (2012 ж.: 32,578,212 мың теңге) құрады.

(г) Күмәнді борыштар бойынша резерв

Тауарларды сату жөніндегі орташа кредиттік кезең 30 күнді құрайды. Дебиторлық берешек бойынша инвойсты қойған күннен бастап алғашқы 30 күннің ішінде проценттер есептелмейді. Сөйтіп, проценттер өтелмеген қалдыққа Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін қайта қаржыландыру ставкасы бойынша есептелінеді (2013 ж. 31 желтоқсан: 5.5%; 2012 ж.: 5.5%). Күмәнді борыштар бойынша резервтер контрагенттің бұрынғы орындамаған міндеттемелерінен және сол контрагенттің ағымдағы қаржылық жағдайын талдаудан алынып есептелген қайтарылмайтын сомалардан алынып, 30-дан 120 күнге дейінгі немесе 120 күннен артық мерзіммен дебиторлық берешек есебіне жазылады.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімі өтпеген дебиторлық берешек 27,244,645 мың теңгені (2012 жылғы 31 желтоқсанға: 67,617,551 мың теңге) құрады.

(д) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Қоғамның өз қаржылық міндеттемелерін оларды өтеу мерзімі келгенде орындай алмау тәуекелі. Қоғамның өтімділікті басқару тәсілінің мәні Қоғамның қолайсыз шығындардың туындауына жол бермей, және өз беделіне нұқсан келтірмей, кәдуелгі және қиын жағдайларда да ұдайы, қолдан келгенше өз міндеттемелерін мерзімінде өтеуге жеткілікті өтімділік құралдарының болуын қамтамасыз етуінде.

Әдетте Қоғам күтілетін операция шығыстарын жабуға жеткілікті мөлшерде, алғашқы талап ету бойынша қол жетімді ақша қаражатының болуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте болу-болмауын негіздемелік түрде болжау мүмкін емес айрықша жағдайлардың, мысалы, апатты жағдайлардың ықтимал әсері ескерілмейді.

	31 желтоқсан 2013 ж. мың теңге	31 желтоқсан 2012 ж. мың теңге
Өтімділігі жоғары активтер:		
қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома	17,910,926	5,569,291
пайдаланылмаған сома (есеп шоттардағы ақша қаражаты)	4,380,688	22,126,643
	22,291,614	27,695,934

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫҢДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

Төменде қаржылық міндеттемелерді өтеудің уағдалы мерзімдері туралы ақпарат келтірілді:

	2013 ж.	Баланстық құны	Барлығы	Талап етілгенше және 1 айдан кем	1-3 ай	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	5+ жыл
Банктік емес қарыздар (облигациялар)	76,969,910	84,005,469	-	4,800,313	79,205,156	-	-	-
Кредиттік берешек	43,768,784	43,768,784	-	43,504,029	-	-	-	-
Өзге қаржылық міндеттемелер	2,635,761	2,635,761	-	-	425,720	-	264,755	-
Қамтамасыз етілген банк кредиттері	2,016,349	2,076,605	-	298,047	897,687	880,871	-	-
Өзге міндеттемелер	1,814,281	1,814,281	125,617	-	-	-	1,688,664	-
		134,300,900	125,617	43,802,076	6,123,719	80,086,028	4,163,460	
	2012 ж.	Баланстық құны	Барлығы	Талап етілгенше және 1 айдан кем	1-3 ай	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	5+ жыл
Банктік емес қарыздар (облигациялар)	75,273,591	87,192,814	2,356,563	2,356,563	4,713,125	-	-	-
Кредиттік берешек	42,063,406	42,063,406	-	41,803,598	-	77,766,563	259,808	-
Өзге міндеттемелер	14,364,225	14,364,225	12,684,930	-	-	-	1,679,295	-
Қамтамасыз етілген банк кредиттері	3,109,707	3,238,654	601,435	594,286	1,175,679	1,867,254	-	-
Өзге қаржылық міндеттемелер	462,887	462,887	-	86,299	-	-	376,588	-
		147,321,986	15,642,928	44,840,746	5,888,804	78,633,817	2,315,691	

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

41. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі – бұл нарық бағасының, мысалы, шетел валютасы айырбас бағамының, сыйақы мөлшерлемелерінің және акциялар бағасының өзгеруі Қоғам пайдасына немесе ондағы қаржы құралдарының құнына теріс әсер ету қаупі. Қоғамның нарық тәуекелін басқару жүйесі, негізгі төрт элементті: бағалауды, өлшеуді, бақылауды және мониторингті қамтитын нарық тәуекелін басқару қажеттілігі мен одан түсетін табыстың арасындағы оңтайлы арақатынасқа қол жеткізу процесін білдіреді.

Нарық тәуекелін басқару мақсатында Қоғам туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

(і) Валюта тәуекелі

Қоғам Қоғамның функционалдық валютасынан өзгеше валютада берілген сауда-саттық, сатып алу операциялары мен қарыздар тартуды жүзеге асырған кезде валюта тәуекеліне ұшырайды.

Қоғам саудасының басым бөлігі АҚШ долларында жүзеге асырылады. Сонымен бірге Қоғамның осы валютада тартылған несиелері мен қарыздары бар. Сонымен, негізінде, туынды инструменттерді пайдалана отырып, экономикалық хеджирлеу эффектіне қол жетеді.

Шетел валюталарында көрініс тапқан өзге де ақшалай активтер мен міндеттемелерге қатысты Қоғам, қысқа мерзімді теңгерімсіздікті жою үшін, қажет болған жағдайда, шетелдік валютаны жеке айырбас бағамы бойынша сатып алу немесе сату арқылы ұйғарынды шекте тәуекелге ұшыраған нетто-ұстанымды ұстап қалуға тырысады.

Атаулы шамалардан алғанда Қоғамның валюта тәуекеліне ұшырауы мынадай болды:

	2013 ж. АҚШ долларымен алынған	2012 ж. АҚШ долларымен алынған
мың теңге		
Саудалық дебиторлық берешек	17,957,759	61,281,328
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаттары	501,384	492,016
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	180,573	10,475,562
Өзге қысқа мерзімді активтер	35	16,750
Активтер жиыны	18,639,751	72,265,656
Қарыздар	(78,986,259)	(78,383,298)
Өзге қаржылық міндеттемелер	(2,635,761)	(462,887)
Өзге міндеттемелер	(492,095)	(492,095)
Саудалық кредиторлық берешек	(268,213)	(261,824)
Міндеттемелер жиыны	(82,382,328)	(79,600,104)
Валюта тәуекеліне ұшырағыштықтың таза сомасы	(63,742,577)	(7,334,448)

Жыл бойы мынадай шетелдік валютаны негізгі айырбастау бағамы қолданылды:

	Қазақстан теңгесі		Қазақстан теңгесі	
	Орташа мөлшерлеме 2013 ж.	2012 ж.	Есептік күнге спот бағамы 2013 ж.	2012 ж.
1 АҚШ доллары	152.14	149.11	153.61	150.74

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Сезімталдықты талдау

2013 жылғы 31 желтоқсандағы (2012 ж.: 10% және 10%) жағдай бойынша тенге бағамының АҚШ долларына қатысты 30% төмендеп, 10% нығаюы төменде көрсетілген кезеңде капитал мен пайданың немесе залалдың шамасын (төмендетер)/ ұлғайтар еді.

2013 ж. АҚШ доллары	Пайда немесе залал
+30%	(19,122,773)
-10%	6,374,258
2012 ж. АҚШ доллары	
+10%	(733,445)
-10%	733,445

(ii) Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі, негізінен тартылған несиелер мен қарыздардың не әділ құнын (тіркелген сыйақы мөлшерлемесімен бірге борыштық міндеттемелерді), не солар бойынша түсетін ақша қаражатының болашақ ағынын (ауыспалы сыйақы мөлшерлемесімен бірге борыштық міндеттемелерді) өзгерте отырып, оларға әсер етеді. Жаңа несиелер мен қарыздар тарту кезінде басшылық өзінің кәсіби пайымдауына сүйене отырып, өтеу мерзімі туғанға дейінгі күту кезеңінің өн бойында Қоғам үшін қандай сыйақы мөлшерлемесінің (тіркелген немесе ауыспалы) тиімді болатынын шешеді. Қоғам проценттік своп шартын жасаспайды.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қарыз алу құралдары шамамен 97% (2012 ж.: 96%) тіркелген сыйақы мөлшерлемесіне иелік етеді.

Құрылымы

Есеп беретін күнге Қоғамның сыйақы мөлшерлемесінің түрлеріне қарай топтастырылған проценттік қаржылық құралдарының құрылымы мынадай болды:

	Баланстық құны	
	2013 ж. 31 желтоқсан мың теңге	2012 ж. 31 желтоқсан мың теңге
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесінің құралдары		
Қаржылық активтер	32,319,695	-
Қаржылық міндеттемелер	(76,969,910)	(75,273,591)
Ауыспалы сыйақы мөлшерлемесінің құралдары		
Қаржылық міндеттемелер	(2,016,349)	(3,109,707)

Тіркелген сыйақы мөлшерлемесімен алынған қаржы құралдарының әділетті бағасының сезімталдығын талдау

Қоғам өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін, әділетті құнымен бағаланатын құралдар үшін көзделген тәртіпте тіркелген сыйақы мөлшерлемесімен алынған ешқандай қаржылық активтер мен міндеттемелерді ескермейді. Сондықтан есептік мерзімге дейінгі сыйақы мөлшерлемелерінің қандай да бір өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың көрсеткіштеріне әсер етпейді.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**

Ауыспалы сыйақы мөлшерлемесімен алынған қаржы қралдарының әділ бағасының сезімталдығын талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің есептік кезеңге дейін 100 базистік тармаққа ұлғаюы және 25 базистік тармаққа азаюы кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың шамасын төменде көрсетілген сомаларға өзгерткен болар еді. Бұл талдау шетелдік валютаның былайғы барлық ауыспалы, атап айтқанда, айырбас бағамы өзгеріссіз қалады, және есептік кезеңге дейінгі өтелмеген міндеттемелер сомасы жылдың өн бойында өтелмеген күйінде қалды деген пиғылдан жүргізілді. 2012 жылдың көрсеткіштері де осы принциптер негізінде талданылды.

мың теңге	Кезең ішіндегі пайда немесе залал	
	100 б.т. көтерілді	25 б.т. төмендеуі
2013 ж.		
Ауыспалы сыйақы мөлшерлемесі құралдары	(20,163)	5,041
2012 ж.		
Ауыспалы сыйақы мөлшерлемесі құралдары	(31,097)	7,774

(ж) Нарық бағасының өзгеру тәуекелі

Қоғам қызметі халықаралық нарықтарда АҚШ долларымен есептелетін уран бағасының ауытқу әсеріне ұшырайды. Қоғам жыл сайынғы бюджетті уранның болашақтағы болжамды бағасына қарап дайындайды.

Уран бағасы қашаннан ауытқуларға ұшырап отырады және Қоғамның бақылауынан тыс көптеген факторлардың әсерінде болады, бұған мыналар кіреді және мұнымен шектеліп те қалмайды: атом электр станциялары тарапынан сұраныстар, сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылықты жоюға арналған аралас жоғары деңгейде байытылған компоненттердің болуы және оларды қайталама пайдалану сияқты қайталама көздер деңгейінің сарқылуы, сондай-ақ Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің нормативтік актілерінің және уран саласына тікелей қатысы бар өзге де факторлар.

Есептік күнге дейінгі жағдай бойынша Қоғамның қаржылық активтері мен міндеттемелеріне қатысты нарық бағасының өзгеру тәуекелінің айтарлықтай әсері болған жоқ.

(з) Баланстық күнмен салыстырғандағы әділ күн

Келесі кестеде көрсетілген құралдарды есептегенде, Қоғам қаржылық есеп-қисапта мойындалған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құны, олардың қысқа мерзімді сипатына қарай, шамамен олардың әділ құнына тең:

мың теңге	2013 ж. 31 желтоқсан		2012 ж. 31 желтоқсан	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Қаржылық міндеттемелер				
Қамтамасыз етілген банк кредиттері	2,016,349	2,076,605	3,109,707	3,238,654
Қамтамасыз етілмеген облигациялар	76,969,910	81,833,860	75,273,591	87,192,814
	<u>78,986,259</u>	<u>83,910,465</u>	<u>78,383,298</u>	<u>90,431,468</u>

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(з) Капиталды басқару

Қоғам инвесторлардың, кредиторлардың және нарықтың сенімін ақтау үшін, сондай-ақ бизнестің даму болашағын қамтамасыз ету үшін капиталдың тұрақты базасын қолдау саясатын ұстанады. Капиталға барлық капитал мен Топ резервтері кіреді. Қоғам мына көрсеткіштерге мониторинг жүргізеді:

- Қажылық тұрақтылық немесе несиелерді басқару үшін қолданылатын шаралар, қарыз қаражаттарын іске асыру дәрежесін айқындау;
- Шаруашылық қызметін жүргізу барысындағы табыстылық, өтімділікті, активтер мен капиталды басқарудың ортақ эффектіні белгілеу.

2011 ж. маусымда Қоғам Акционері қаржылық емес ұйымдар үшін қарыз қаражаттарын тартудың бірыңғай принциптері мен ережелерін белгілеу мақсатында Алыс-беріс саясатын бекітті.

Топтың қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін мынадай қаржы коэффициенттері пайдаланылады:

- өз капиталына шаққандағы берешектің арақатынасы 2-ден аспайтын мөлшерде;
- салықтарды, проценттерді, тозу мен амортизацияді төлегенге дейінгі пайдаға шаққандағы берешектің арақатынасы (ЕБИТДА/берешек) 3.5-тен аспайтын мөлшерде;
- таза проценттік шығыстарға шаққандағы салықтар мен проценттерді төлегенге дейінгі пайданың арақатынасы (ЕБИТ/Проценттер бойынша таза шығыстар) 2-ден кем емес.

42. ШАРТТЫ АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(а) «Семізбай-У» ЖШС 49% қатысу үлесін сату

2008 ж. Топ «Семізбай-У» ЖШС 49% қатысу үлесін иеліктен айыруға «Beijing Sino-Kaz Uranium Resources Investment Company Limited» («Sino-Kaz Company») компаниясының пайдасына шарт (Келісім) жасасты. Сатудан кейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (11%); «ТКК» ЖШС (40%) «Семізбай-У» ЖШС-нің қатысушылары болды. «ТКК» ЖШС 100% Қоғамның бақылауындағы кәсіпорын болғандықтан, байланысты тарап болады. Келісімнің шарттарына сәйкес:

- Қоғам 49%-тік үлесін 234 млн. АҚШ доллары (28 млрд. теңгеге барабар) мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға сатты. Басшылық Қоғамның 2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы лайықты мойындалып, кетуден келген пайда 25 млрд. теңге (салық пайдасы: 7.2 млрд. теңге) мөлшерінде жазылып қалғанын растайды;
- Сино-Каз компаниясы Семізбай-У» ЖШС-нің 2010-нан 2033-ке дейінгі кезеңдегі жылдық таза пайдасын аз мөлшерде бөлуге хақылы болды. Бұл бөлулерді төлеуге «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен «ТКК» ЖШС кепіл болды. Міндеттеме Топтың қаржылық есептілігі туралы шартын жасау кезінде әділетті күн бойынша бағаланған және Қоғамның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде отырған.
- Бұдан басқа, Шарт талаптары қытай атом электр станцияларында пайдалану үшін Сино-Каз компаниясын Семізбай-У» ЖШС өндіретін, «Үлбі металлургия зауыты» АҚ-та (Топтың еншілес кәсіпорны) қайта өңделетін уранның шала тотығын (ұнтақ және таблетка түрінде) барлық уранды сатып алуға міндеттейді. China Guandong Nuclear Power Corporation, Сино-Каз Компаниясының аналық кәсіпорны, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап екі жыл бойы қытай атом электр станцияларында пайдалануға ұнтақ және таблетка түріндегі уранның шала тотығын өндіру үшін «Үлбі металлургия зауыты» АҚ-та қолданылатын технологияларды міндетті түрде сертификаттауға міндеттеме алды. 2010 жылы осы сертификаттау ойдағыдай өткізілді. 2011 жылғы қазанда ҚХР үшін «ҮМЗ» АҚ-та өндірілген отын таблеткаларының алғашқы партиясы жөнелтілді. Сондай-ақ 2012-2014 жылдары Қытайға отын таблеткаларын жеткізу туралы Келісімшарт жасасылды.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Семізбай-У» ЖШС-нің үлесін иеліктен айыру шарт талабы болып саналатын Қазақстан Республикасының реттеуші органдарының рұқсатын талап етті. Реттеуші органдардың үлесті сатуға берген рұқсатының бір бөлігі 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін алынды. Қоғам Сино-Каз Компаниясын Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлесті иеліктен айыруға арналған қаулысын алуға жәрдемдесетінін растады. Мына реттеуші органдардың рұқсаттары 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін алынды:

- Стратегическим Объектілер жөніндегі Комиссия;
- Ведомствонаралық комиссия;
- Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
- Монополияға қарсы комитет.

Жоғарыда аталған органдардан рұқсат алғаннан кейін 2008 жылғы 15 желтоқсанда Қоғам Сино-Каз Компаниясының Семізбай-У» ЖШС-дағы үлесіне иелік құқығы Ақмола облысы еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында ресми тіркелді және Семізбай-У» ЖШС операциялық қызметті жүргізуге арналған тиісті лицензия алды.

2011 жылы «ТТК» ЖШС жоғарыда аталған Қаулыны алмауына байланысты Лондон қаласында және Қазақстанда арбитраждық талқылау мен сот талқылауына кірісті. 2012 жылы істі реттеудің нәтижесінде Қоғам Семізбай-У» ЖШС-дағы 49% үлесін сатып алу-сату мәмілесінің шарттарын қайта қарау туралы Сино-Каз Компаниясымен Бітімгершілік келісіміне («Бітімгершілік келісімі») қол қойды. Бұл Бітімгершілік келісімінің айтарлықтай шарты мына тармақтар болды:

- Қоғам тиісті Қаулыны алуға жәрдемдесетін болады;
- Тараптар Семізбай-У» ЖШС-дағы 49% үлестің әділетті құнын қайта қарауға келісті. Соның нәтижесінде 2013 жылғы 7 маусымда Топ Сино-Каз Компаниясына 132 млн. АҚШ долл. (19.9 млрд. теңгеге барабар) төледі;
- Тараптар Сино-Каз Компаниясына 2010 жылдан 2033 жылға дейінгі кезеңде төлеуге жататын кепілдендірілген ең аз дивидендтерді жоюға келісті. Қаржылық міндеттемені мерзімінен бұрын орындаудан түскен кіріс Қоғамның 2013 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылды.

Бітімгершілік келісіміне қол қоюмен байланысты, жоғарыда айтылғандай, ТТК ЖШС бастамашы болған сот талқылаулары тоқтатылды. Бітімгершілік келісімінің талаптарын орындау қатысушылардың Семізбай-У» ЖШС-нің маңызды қызметін бірлесіп бақылауына жағдай жасады, соған байланысты Қоғамның 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есеп-қисабында қатысушылардың Семізбай-У» ЖШС-нің еншілес кәсіпорнына салынған инвестициялар бірлесіп бақыланатын кәсіпорын инвестициялары болып қайта бағаланды.

Бақылаудан айрылған күнге Қоғам әділетті құны бойынша Семізбай-У» ЖШС-дағы инвестициялар үлесінің 11% таныды.

Қоғам Sino-Kaz компаниясының «Семізбай-У» ЖШС-дағы 49% үлесін, Sino-Kaz компаниясы алған келтірілген таза кіріс құнын алып тастағанда, Sino-Kazға төленген сомаға тең бағамен Топқа сату мүмкіндігін қамтамасыз ететін опциондық келісім жасасты. Опцион егер Guangdong Nuclear Power Corporation қытай ядролық-энергетикалық корпорациясындағы реакторлар үшін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың еншілес кәсіпорны – «Үлбі металлургия зауытында» шығарылған отын таблеткаларының жеткізілімі туралы шешім 2014 жылғы 1 шілдеге дейін шықпаған жағдайда орындалуы мүмкін.

Егер жоғарыда аталған шешім «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен CGNPC-URC арасында 2014 жылғы 1 шілдеге дейін келісілмеген жағдайда, Sino-Kaz негізгі шартқа қосымша келісімде белгіленген формула бойынша есептелген бағамен Семізбай-У» ЖШС-дағы үлесін сатады, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сатып алады.

(б) Кепілдіктер

Кейбір байланысты тараптарды қаржыландыруға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша ең көп несие тәуекелі 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 38,185,771 мың теңге (2012 ж.: 38,265,911 мың теңге) құрады.

(в) Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу сатысында тұр және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандарына әзірше қол жете қойған жоқ. Топтың, өзінің өндірістік құрылыстарына, өндірістің тоқтауына байланысты, немесе апат немесе Топ қызметінің салдарынан жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген зиянмен байланысты үшінші тараптардың алдында туындаған залалға қатысты толық сақтандыру құралы жоқ. Топтың өзінің барабар сақтандыру өтемі болмайынша, белгілі бір активтерді жоғалту немесе бүлдіріп алу Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына едәуір теріс әсер ету тәуекелі тұрады.

(г) Шартты салықтық міндеттемелер

(i) Шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып табылады және салық түрлерінің көптігімен, заңнамадағы, ресми анықтамалар мен сот шешімдеріндегі жиі өзгерістермен сипатталады. Салықтар қолында айыппұл салу және өсімпұл есептеу құқы бар бірқатар реттеуші органдардың тарабынан тексеруге жатады. Салық кезеңі бәс күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тарабынан тексеруге ашық күйінде қалады, алайда белгілі бір жағдайларда салық мерзімі көрсетілген мерзімнен ашық болуы мүмкін. Қазақстанның түрлі заңнамалық актілері мен нормалары бар уақытта нақты бола бермейді, және оларды түсіндіру жергілікті салық инспекторлары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пікіріне байланысты болып келеді. Көбінесе жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының пікірлері бір-бірінен алшақ келеді. Мәлімделген және анықталған Қазақстан заңдарын, жарлықтары мен стандарттарын бұзушылықтарға қатысты қазіргі айыппұлдар мен өсімпұлдар салу режимі өте қатал. Санкциялар даулы сомаларды тәркілеуді (валюта заңнамасын бұзғаны үшін), бұзушылық орын алған әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесінің 2.5 есе мөлшерінде өсімпұл төлеуді міндеттейді. Айыппұл мөлшерлемесі салық есептелген күнге дейінгі соманың 50%-ін құрайды. Соның салдарынан өсімпұлдар мен айыппұлдар кез келген дұрыс есептелмеген салық сомасынан бірнеше есе асып түсетін сомаларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Мұндай жағдай басқа елдерге қарағанда Қазақстанда салық тәуекелдерінің әлдеқайда жоғары болуына соқтыруы мүмкін. Қоғам басшылығы қолданылатын салық заңнамасын, нормативтік талаптар мен сот шешімдерін өз тұрғысынан түсіне отырып, салықтық міндеттемелер толық көрсетілген деп есептейді. Сонда да бұл ережелерді тиісті органдардың трактовкасы өзгеше болуы мүмкін және, егер олар өз ұстанымдарының заңдылығын дәлелдеген жағдайда, бұл нағыз жеке қаржылық есеп-қисапқа әсер етуі мүмкін.

Қоғам басшылығы осы жеке қаржылық есеп-қисаптағы өзінің салықтық міндеттемелерін барабар ашты деп есептейді.

(ii) Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық (ПҚӨС)

Өткен кезеңдерде ПҚӨС-ті есептеу үшін салық салу базасына қатысты белгісіздік орын алды. Бұрын Қоғам басшылығы салық салу базасы ретінде өндірудің өндірістік өзіндік құнын және ПҚӨС есетелмеген бастапқы өндеуді пайдаланды, және Салық кодексінде белгіленген 22% мөлшерінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесін қолданды. 2012 жылы уран өндіруші Компаниялар мен салық органдарының арасындағы талқылаулардың барысында салық салу базасында өндірістік өзіндік құны мен ПҚӨС есетелмеген бастапқы өндеу қамтылуға тиісті деген түсіністікке қол жеткізілді. Келіссөздердің нәтижесінде 2009-2012 жылдар үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі 22%-тен 17.5%-ке төмендетілді. Салық кодексіне тиісті өзгерістер 2012 жылғы 26 желтоқсанда бекітілді. Қоғам осы өзгерістердің тиімділігін өзінің 2012 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдық қаржылық есебінде атап көрсетті.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап Салық кодексіне енгізілген өзгерістер күшіне енді, енді пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі 18.5%-ке дейін өзгертілді.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(iii) Трансферттік баға белгілеу туралы заң

2009 жылы 1 қаңтарда өзгертілген және қолданысқа енгізілген Трансферттік баға белгілеу туралы заң негізінен тауарлар мен қызметтерді сату бойынша халықаралық іскерлік операцияларымен байланысты халықаралық және ішкі операцияларға қатысты қолданылады. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Қоғам күшіне енген Трансферттік баға белгілеу туралы заңға сәйкес барлық қажетті түзетулерді жүргізді.

2012 жылы Қоғам да 2007 жылғы жұмыс кезеңінде трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша құжаттық тақырыптық тексеріс аяқталды (2009 жылы басталып, тоқтатылған). Тексеру қорытындысы бойынша Қоғамға 6,390,276 тыс.теңге көлемінде КТС, айыппұл мен өсімпұл сомасының кем есептелгендігі туралы 24.12.2012 ж. №110 Тексеру актісі және Хабарлама ұсынылды.

Қоғам бұл Хабарламамен келіспей, Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 22.05.2013 ж. №04-16/01527 Шағым түсірді. Соттың 12.07.2013 жылғы №2-5996/13 айқындасуы бойынша Шағымды қанағаттандырудан толық көлемінде бас тартылды. Бұдан кейін Қоғам Алматы қалалық сотының Апелляциялық алқасына 26.07.2013 ж. №21.1.24. Апелляциялық шағым түсірді. Алқаның 18.09.2013 ж. №2а-5300/13 қаулысымен МАЭС шешімі өзгеріссіз, Апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылды.

2014 жылы Қоғам тексеріс нәтижелерін даулауды жалғастырды, және Алматы қалалық сотының Кассациялық алқасына 16.01.2014 ж. №04-16/00117 Кассациялық шағым түсірді. 19.02.2014 ж. болған Кассациялық алқа отырысының қорытындысы бойынша МАЭС шешімі өзгеріссіз, Кассациялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылды.

Алматы қалалық сотының Апелляциялық алқасының 18.09.2013 ж. №2а-5300/13 шешімімен Қоғам 2013 жылдың 9 айының қаржылық есеп-қисабында, және тиісінше 2013 жылдың қаржылық есеп-қисабында бюджетке 2007 жыл үшін 2 983 522 мың теңге мөлшерінде КТС, 1,914,993 мың теңге сомасында өсімпұл және 1,491,761 мың теңге мөлшерінде айыппұл төлеуді мойындады. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КТС мен өсімпұл толығымен бюджетке төленді.

43. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

(а) Бақылау қатынастары

Қоғам Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына сәйкес құрылды. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Акционер) (2009 жылғы 19 қаңтар) Қоғамның жалғыз акционері болып табылады. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ толығымен Қазақстан Республикасының Үкіметінің иелігінде.

(б) Басшы қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің қатысуымен жүргізілетін операциялар

Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы директорлар, департамент басшылары мен олардың отбасы мүшелерінің Қоғамның дауыс қосу құқығын беретін бақылау пәрмені мен акциялары жоқ, өйткені акциялардың 100%-і Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі.

(i) Басшы қызметкерлерге берілетін сыйақылар

Есептік жылда басты басшы қызметкерлер алған сыйақылар мынадай сомаларды құрап, олар персоналға арналған шығындар құрамында көрсетілді (13-ескерту).

	2013 ж. мың теңге	2012 ж. мың теңге
Жалақы және сыйлықақылар	341,708	258,700

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(в) Басқа да байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар

Қоғамның басқа да байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялары туралы ақпарат төмендегі кестелерде берілді. Қоғам мемлекеттік компанияларға қатысты тек «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ («Ана Қоғам») Компаниялар тобының операцияларын ғана ашады.

(i) Кіріс

мың теңге	2013 жылғы мәмілелер сомасы	2013 жылғы есептеулер бойынша қалдық	2012 жылғы мәмілелер сомасы	2012 жылғы есептеулер бойынша қалдық
Тауарлар мен қызметтер сату:				
Еншілес кәсіпорындар	601,934	9,290,699	12,680,395	10,124,356
Қауымдастырылған кәсіпорындар	4,540,740	144	1,962,477	2,647
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар	27,773	880	5,944	312
Басқа байланыстағы тараптар	8,644	848	-	-
Өзге активтер:				
Еншілес кәсіпорындар	3,786,600	348,036	18,343,036	13,963,993
Қауымдастырылған кәсіпорындар	6,661,947	74	24,856,165	-
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар	9,427,007	2,551,063	11,500,411	-
Сіңілі кәсіпорындар	-	35,161	597,703	16,453
	25,054,645	12,226,905	69,946,131	24,107,761

Байланысты тараптармен жасалған операциялар бойынша барлық есептеулер есептік күннен кейінгі алты ай ішінде ақша қаражатымен өтеуге жатады. Бұл берешектің барлығы кепілмен қамтамасыз етілмеген болып табылады.

(ii) Шығыстар

мың теңге	Мәміле сомасы	Есептеулер бойынша қалдық	Мәміле сомасы	Есептеулер бойынша қалдық
	2013 ж.	2013 ж.	2012 ж.	2012 ж.
Сатып алынған тауарлар мен қызметтер:				
Еншілес кәсіпорындар	109,706,385	24,320,355	90,375,908	10,037,743
Қауымдастырылған кәсіпорындар	28,920,767	6,083,262	36,599,229	20,325,382
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар	29,522,929	11,691,773	39,011,684	10,651,899
Сіңілі кәсіпорындар	740,005	728	807,398	3,866
Басқа байланыстағы тараптар	307	952	-	-
Төленетін дивидендтер	7,637,242	-	23,501,328	11,750,664
	176,527,635	42,097,070	190,295,547	52,769,554

Байланыстағы тараптармен жасалған операциялар бойынша барлық есептеулер есептік күннен кейін алты ай ішінде ақша қаражатымен реттеуге жатады.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2013 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(iii) Қарыздар

	Қарыз сомасы	Есептеулер бойынша қалдық	Қарыз сомасы	Есептеулер бойынша қалдық
	2013 ж. мың теңге	2013 ж. 31 желтоқсан мың теңге	2012 ж. мың теңге	2012 ж. 31 желтоқсан мың теңге
<i>Берілген қарыздар:</i>				
Еншілес кәсіпорындар	12,412,290	12,412,290	13,691,424	13,691,424
Қауымдастырылған кәсіпорындар	8,440,754	8,440,754	7,698,391	7,698,391
Бірлескен кәсіпорындар	4,953,894	4,953,894	-	-
Басқа кәсіпорындар	6,119,447	6,119,447	5,579,228	5,579,228
	31,926,385	31,926,385	26,969,043	26,969,043

Байланысты тараптарға мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық талабында берілген қарыздар.

(г) Баға белгілеу саясаты

Байланыстағы тараптармен жасалған мәмілелерге қатысты баға белгілеу негізінен «шығын қосу» әдісіне негізделеді және Қазақстан Республикасының Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес жасалады.

44. ЕСЕП БЕРУ КҮНІНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2014 жылдың қаңтар айында Қоғам Mizuho Nederland N.V. банкінен кредит желісі шеңберінде 50 млн. АҚШ доллары сомасына қысқа мерзімді қарыз алды.

2014 жылдың 11 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі теңгенің айырбас бағамын қалыптастыру процесіне араласуды уақытша тоқтатуға шешім қабылдады. Соның нәтижесінде, 2014 жылдың 12 ақпанында теңгенің 1 АҚШ долларына шаққандағы нарықтық айырбас бағамы 184.55 теңгеге дейін, яғни шамамен 19% төмендеді. Қаржы нарығының және тұтастай алғанда экономиканың тұрақсыздануын болдырмау мақсатында Ұлттық банк теңге бағамының АҚШ долларына қатысты ауытқу дәлізін 1 АҚШ доллары үшін 182-188 теңге ауқымында белгілеуді жоспарлап отыр. 2014 жылдың 6 наурызына дейінгі жағдай бойынша теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы 181.78 теңгені құрады. Алайда теңгенің айырбас бағамының динамикасына, Ұлттық банктің бұдан арғы іс-әрекетіне, сондай-ақ осы факторлардың Қазақстан экономикасына тигізер әсеріне қатысты шарасыздық байқалады.

Қоғам басшылығы осындай жағдайда Қоғамның экономикалық тұрақтылығына қолдау көрсету үшін барлық қажетті шараларды қолданады деп есептейді.

Қоғам басшылығы теңгенің айырбас бағамының төмендеуі Қоғамның экономикалық және қаржылық жағдайына келеңсіз әсер етпейді деп растайды.

2013 жылдың 22 шілдесіндегі шешімге сәйкес, Жалғыз қатысушы оған «Тау-кен компаниясы» ЖШС-нің қосылу жолымен 2014 жылдың 10 ақпанындағы жағдайы бойынша Қоғамды қайта ұйымдастыруға байланысты Алыс-беріс актісін бекітті. «Тау-кен компаниясы» ЖШС Қоғамға барлық активтер мен міндеттерді табыстады.

45. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕЖІТУ

Басшылық жеке қаржылық есептілікті 2014 жылдың 6 наурызында мақұлдады және шығару үшін бекітті.